ТУҒАН КҮНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРАСЫ!

2-бет

Азат ПЕРУАШЕВ:

ҚАЗАҚСТАНДА ШЕНЕУНІКТЕР САНЫ ЖАПОНИЯДАН 80 ЕСЕ КӨП

4-бет

ЧТО ТОРМОЗИТ СТОПРОЦЕНТНУЮ ЯЗЫКОВУЮ КАЗАХИЗАЦИЮ?

12-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ UNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №24 (790), 18 маусым, 2018

АЗАН ДАУСЫН АЗАЙТУ – ДІНИ РӘМІЗГЕ ҚАРСЫЛЫҚ, ДІН МИНИСТРІ МЫРЗА!

ҚАЛЕТАЕВ ҚАСИЕТТІ ДІНИ ҚАҒИДАМЫЗҒА ҚАРСЫ ШЫҒЫП, МҰСЫЛМАННЫҢ КҮНӘСІН КӨБЕЙТПЕК ПЕ?

Атам заманнан қалыптасқан АЗАН шақыру – яғни намазға, иманға шақыру Ислам дініміздің игі символы, қасиетті қағидалардың бірі, діни аса ізгі амал. Азанның дініміздегі орны ерекше, өйткені Азан – негізгі ислам рәміздерінің бірі. Мұсылман баласы азан шақырылғанда оны ықыласпен тыңдап, азан сөздерін қайталауы керек. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Азанның дауысын естігенде азаншының сөздерін қайталаңдар...» деген.

7 бет

КӨҢІЛІНЕ ҚОНДЫРЫП БАР ҚАЗАҚТЫ...

Ақын інім әрі досым туралы бірнеше жылдан бері қанша оқталғанмен, қолыма қалам алғанда «Қайрат ӘЛІМБЕК...» деген аты-жөнін жазғаннан әрі аса алмай-ақ қойғаным бар. Әншейінде таңды көз ілмей атырсам да қандай жұмысты болсын шындап кіріскенде еңсеріп тастайтын мен тұйыққа мықтап тірелгенімді сездім.

8-9 бет

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ТАУЫП БЕРЕ АЛМАСАҚ НЕ ҮШІН ОҚЫТАМЫЗ?

Ел ертеңін ойлаған мемлекет алдымен жастар мәселесіне жете көңіл бөледі. Жастарымыз тұлға ретінде қалыптассын десек, оларды белсенді, білімді, білікті маман ретінде оқытып, тәрбиелеп шығаруымыз қажет. Бұл ұзақ уақытты қажет ететін және тұрақты назарда болатын маңызды іс. Жыл сайын жүз мыңдаған түлектер мектеп бітіріп, ондаған мың жастар жоғары білімді маман атанып жатады. Сандық көрсеткіш жағынан біз ешбір мемлекеттен кем түспейміз...

3 бет

ЖЕР мен АУЫЛДЫ ҚАУЫМДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰТҚАРАДЫ

Игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін жаппай сатуға және 25 жылға жалға беруге батыл һәм жанкешті қарсылық көрсеткен халық ақыры жартылай жеңіске жетті. Билік пен Үкімет икемге келіп, халықпен санасуға мәжбүр болып, Келісім комиссиясы құрылып жұмыс жасап жатыр.

6 бет

ЯПОНСКАЯ ЧИСТОТА КАК СПОСОБ ИЗМЕНЕНИЯ СОЗНАНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ

В прошлом году была принята госпрограмма «Модернизация общественного сознания», под которую стали «подгонять» многие проекты по культуре, изданию книг, туризму, лингвистике (переход казахского языка на латиницу) и т.д. Хотя название программы говорит именно об изменении сознания общества, его поведения, менталитета, отношения к жизни и т.д.

11 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

ТУҒАН КҮНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРАСЫ!

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлттық домбыра күні туралы Жарлыққа қол қойды. Жарлыққа сәйкес шілденің бірінші жексенбісі елімізде Ұлттық домбыра күні деп белгіленді.

Күмбірлеген қоңыр үні сонау ғасырлар қойнауынан сыр шертетін домбырамыз – қазақ халқының тек қана өзіне тән баға жетпес ұлттық аспабы, музыкалық мәдениетінің бастауы.

«Екі ішектің бірін қатты,
бірін сәл-пәл кем бұра.
Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!
Білгің келсе біздің жайды,
содан сұра тек қана:
Одан асқан жоқ шежіре,
одан асқан жоқ дана»

– деп ақын Қадыр Мырза-Әлі асқан дәлдікпен жырлағандай бұл Жарлық бүкіл қазақ ұлтын серпілтіп, рухани бір белеске көтеріп тастағаны ақиқат.

Кейбір деректер бойынша кем дегенде төрт мың жылдан аса тарихы бар төл аспабымыз қазақ ұлтының бүкіл тарихына куә. Киелі домбырамыз ұлттық мәдениетіміздің өлшемі, өміріміздің шежіресі, Алаштың рухын көтеріп келген қасиетті ұраны. Ұлы дала төсінде мың құбылған домбыра үні ұлтымыздың үміті мен арманын, қуанышы мен қайғы-мұнын ғасырлар бойы жырлап келгені де белгілі. Ол елін, жерін қорғауға шақырып, келешек ұрпағын тәрбиелеуге үлкен үлес қосты, ерлікке үндеп, жеңіске жетеледі. Сондықтан «Нағыз қазақ – Домбыра!» – деп мақтанышпен айтамыз. Туған күнің құтты болсын қазақтың қасиетті қара домбырасы, қоңыр үнің Ұлы дала аспанында қалықтай берсін!

ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДЫ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА БОЛАДЫ

Қазақстандықтар 2018 жылдың 15-желтоқсанына дейін қаржыландыру бағдарламасы аясында ипотекалық тұрғын үй қарыздарын, қайта қаржыландыруға арналған өтініштерін бере алады.

Бағдарлама халықтың әлеуметтік жағдайы осал топтары үшін тұрғын үй қолжетімділігін қолдап, ипотекалық несиелендіру саласында қалыптасқан мәселелерді шешу үшін әзірленген. «2015 жылдың 1-қаңтардағы жағдай бойынша 90 күннен астам мерзімі өткізілген берешегі бар, әлеуметтік осал топ мәртебесі расталған тұлғалар, 3%-дық жеңілдетілген мөлшерлемемен қарыздарды қайта қаржыландыра алады. Бағдарламаның күші төмендегі критерийлерге сәйкес теңгедегі қарыздарға қолданылады: 2004 жылдың 1-қаңтарынан бастап 2009 жылдың 31-желтоқсаны аралығында берілген қарыздарға, 2015 жылдың 1-қаңтарындағы жағдай бойынша берешегі 36,470,000 теңгеден аспайтын және қарыз бойынша жылжымайтын кепіл мүлкі қарыз алушының жалғыз жылжымайтын тұрғын үй мүлігі болатын қарыздарға қолданылады», – деп хабарлады «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ. Бағдарламаға, сондай-ақ, 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін шетел валютасымен тұрғын үй алған ипотекалық қарыздары бар тұлғалар да қатыса алады. Шетел валютасымен үй алғандардың қайта қаржыландыру өтінішін қарастыруда, әлеуметтік осал топ мәртебесі расталған тұлғаларға басымдылық берілетіні айтылған. Айта кетейік, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының негізгі операторы ретінде, қарыздары компанияның ипотекалық қоржынында орналасқан, қарыз алушылардың өтініштерімен бағдарлама негізінде тікелей жұмыс істейді. Бүгінде қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша шетел валютасындағы 67 өтінішті және теңгедегі 19 өтінішті қарастыруда. Жыл аяғына дейін 200-ден астам валюталық несиені және бір жыл ішінде 1 300-ден астам теңгелік несиені қамтиды деп күтілуде.

ӨЗБЕКСТАНДА ПРЕЗИДЕНТКЕ МАДАҚТАУ ОДАЛАР АРНАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

Өзбекстан билігі президентке арнап өлеңдер жазуға, бейнеклиптер түсіруге тыйым салды. Аталмыш мәлімдеме «Өзбекконцерт» мемлекеттік мекемесінде жасалды.

«Өзбекконцерт» директоры Азамат Хайдаровтың айтуынша, мемлекет басшыларына клип түсіру немесе өлең арнау этикаға жатпайды.

Бірнеше апта бұрын 49 жастағы әнші әрі актриса Дильфуза Исмаилова президентке арнап «Бұл әдемі мекеннің сұлтаны аман болсын» деген клип түсірген. Видеролик YouTube арнасында 21-мамырда пайда болды, алайда көп ұзамай оны өшіріп тастаған. Әннің сөздері президентті «құдайдың көлеңкесі әрі сүйікті құлы» ретінде көрсетті. Биліктің мұндай шешім қабылдауына әншінің осы әні себеп болған.

ДЕПУТАТТАР МҰҒАЛІМДЕРДІ ТЕСТІЛЕУГЕ АРАЛАСТЫРМАУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

ҰБТ жақындаған сайын алдағы сынға қатысты дау-дамай да жиілей түсті.

Мәжіліс депутаттары ұстаздарды қолбала қылып жұмсағанды доғару керектігін айтып, Білім министрлігіне тағы ескерту жасады. Бұдан былай ұстаздарды ҰБТ ұйымдастыруға мүлдем араластырмауды талап етіп отыр.

– Білім министрлігі, әкімдік ұстаздарды қолайлы жұмыс күшіне айналдырып алған. Шәкірттер аттестат алған соң, мектепте мұғалімнің оқушы алдындағы міндеті де аяқталуға тиісті, – деді Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова. Ал директорлар ҰБТ-ға талапкерлерді тасуды да мұғалімнің мойнына іліп қойған. Смирнова оқу аяқталған соң мұғалімдерді қоғамдық, ұйымдастыру жұмыстарына араластырмауды бұған дейін де талап еткен. Ол кезде Білім министрлігі биыл ұлттық тестке ұстаздар қатыспайды деп сендіріпті. Алайда жылдағы әдет тағы қайталанып отыр. Оқу аяқталғаннан кейін мұғалімдерді жұмысқа жегу заңсыз және ұстаздардың мәртебесін түсіреді дейді депутат. Сондай-ақ, ол ҰБТ тапсыру, одан сүрінбей өту әр талапкердің жеке шаруасы екенін аталған министрлік пен әкімдіктегілердің есіне салды.

САҒЫНТАЕВТЫҢ СОҢҒЫ ЕСКЕРТУІ

Үкімет кезекті отырысында министрлер 2018 жылдың 5 айындағы қорытындысы бойынша республикалық бюджеттің орындалуы туралы есеп берді. Сол әдеттегідей биыл да жоспарды орындай алмай жатқан сала басшылары премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтен ескерту алды.

ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтың айтуынша, құрылыс саласының өсу серпіні бірінші тоқсанда 5,9 пайызға ұлғайғанымен, қаңтар-мамыр айларының қорытындылары бойынша 0,3 пайызға төмендеп, нөлдік мәнге жақындаған. Министрлердің баяндамасын тыңдаған Бақытжан Сағынтаев басты мәселені көлденең тартты. «Негізгі, біздің мәселелердің барлығы тек қана құрылыста. 275 млрд. теңге 2018 жылға қабылдаған болсақ, қалған міндеттемеміз – 178 млрд .теңге. Яғни, алда әлі 100 млрд. теңгеге міндеттемелер қабылдау керек. Оның ішіндегісі 5 айдың ішінде 42 млрд. теңгенің ғана жұмысын атқарғанбыз. Ал уақыт өтіп бара жатыр. Қазан айынан бастап күн суытып, жол салу және басқа да құрылыс алаңдарының бәрінде ауыр жағдай қалыптасады. Сонда қалай мұны игереміз?», – деді Үкімет басшысы. Бақытжан Сағынтаев егер де шын мәнінде қаржы игерілмесе, алты айдың қорытындысымен ақшаның бәрін кері қайтару керектігін атап өтті. «Бостан-бос ұстап отырғаннан гөрі, өзге салаға салғанымыз жөн, басқа министрліктердің тарапынан қаржыға сұраныстар түсіп жатыр. Ақшаны уақытында тиімді игеру қажет. Мәдениет және спорт министрлігі визит-орталықтарын салып бітем дегенше туристік маусым өтіп кететін болды. Әлі конкурс та өтпеген. Онда ақшаны неге сұрадыңыздар? – деді ол. Сөз соңында Үкімет басшысы министрлерге ескерту жасады. «Елбасының тапсырмасы бойынша Үкімет қаржыны бөлді. Парламент қолдады. Бюджет қабылданды. Бірақ, қаржы игерілмейді. Қашанғы күтіп отырамыз? Не экономикада өсім жоқ, не халықтың алдында айтатын сөз жоқ. Есеп берілген кезде бәрін де қатырып жатырмыз деп айтамыз. Одан кейін бәрі ұмыт қалады. Айтпады демеңіздер, құрметті әріптестер! Соңғы сөз – жарты айдың қорытындысынан кейін бөлінген, алайда игерілмеген қаржы басқа салаға жұмсалатын болады. Ары қарай өздеріңіз білесіздер. Халық пен Елбасының алдында өздеріңіз жауап бересіздер», – деді Бақытжан Сағынтаев.

ҚАНША ШЕНЕУНІК ҚЫЗМЕТТЕН КЕТЕДІ?

Елімізде мыңнан астам шенеунік жылы орнымен қош айтысуы мүмкін. Үкімет мемлекеттік мекемелер атқарып жүрген бірнеше қызмет түрін кәсіпкерлердің қолына бермекші.

Ұлттық экономика министрі «Кәсіпкерлік туралы» заңға ұсынылған өзгерістерді Мәжіліске алып келді. Сонымен, Үкімет 130 қызметті бизнеске беруді жоспарлап отыр. Мәселен, жаңа заң қабылданған соң экологиялық аудитты жеке компаниялар жүргізуі мүмкін. Қазір елімізде 100 мыңға жуық мемлекеттік қызметкер бар. Депутаттар бұл 18 миллионнан астам халқы бар Қазақстан үшін өте көп дейді. Ал кімді және қалай қысқартатынын Үкімет пен Президент аппараты шешеді. Дегенмен, мәжілісмендер атқарушы билік жұмыссыз қалған шенеуніктердің санын қысқартады дегенге күмәнданып отыр. Өйткені, мемлекеттік қызмет кәсіпкерлерге берілгенімен, бұл саладағы бюджет шығыны қысқартылмайды екен. Бұл мемлекеттік қызметтегілер сол бұрынғы жылы орнында қалады деген сөз. Ал, депутаттар бұлай болмайды деп отыр. «Бұрын мемлекеттік органдар атқаратын функцияларды мемлекеттік емес ұйымдарға бергенде, шенеуніктерді қысқарту жайын көтергенбіз. Онымен қоса оларға жұмсайтын бюджетті де қысқарту керек деген талап қойдық» – дейді Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясы жетекшісі Азат Перуашев.

ҚЫТАЙ АЗАМАТТАРЫНА ВИЗАСЫЗ РЕЖІМ ЕНГІЗІЛМЕЙДІ

ҚР Сыртқы істер министрлігі Қазақстан мен Қытай арасында визасыз режім енгізілетінін жоққа шығарды.

«Қазақстан Қытаймен визасыз режім енгізу туралы келіссөздер жүргізіп жатқан жоқ. Мессенджерлер арқылы таратылған «Қытай азаматтары үшін визалық режім жойылады» деген ақпарат жалған, әрі арандатушылық болып табылады. Қазақстан тарапы Қытайдың халықаралық әуежайлары арқылы транзитпен өтетін Қазақстан азаматтары үшін визасыз болу мерзімін 24 сағаттан 72 сағатқа ұзарту, сондай-ақ, Қытайға баруға ниетті қазақстандықтарға дербес виза ресімдеуді қайта бастау бойынша қытай тарапымен белсенді жұмыс жүргізіп отырғанын естеріңізге саламыз.

Осы бағыттағы жұмыс екі ел арасында қалыптасқан жанжақты өзара әріптестік негізінде жалғасуда», – делінген ҚР СІМ таратқан хабарламада.

Ел ертеңін ойлаған мемлекет алдымен жастар мәселесіне жете көңіл бөледі. Жастарымыз тұлға ретінде қалыптассын десек, оларды белсенді, білімді, білікті маман ретінде оқытып, тәрбиелеп шығаруымыз қажет. Бұл ұзақ уақытты қажет ететін және тұрақты назарда болатын маңызды іс. Жыл сайын жүз мыңдаған түлектер мектеп бітіріп, ондаған мың жастар жоғары білімді маман атанып жатады. Сандық көрсеткіш жағынан біз ешбір мемлекеттен кем түспейміз. Мәселе тек қана жастардың қалтасына диплом салып беруде ғана ма? Жоқ. Түпкі мақсат – олардың өмірден өз орнын тауып, алған білімін елі үшін, халқы үшін жұмсап, Отанына лайықты қызмет етуінде емес пе?!.

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ТАУЫП БЕРЕ АЛМАСАҚ НЕ ҮШІН ОҚЫТАМЫЗ?

Осы жылы оқу бітірушілердің алғашқы сынағы ҰБТ 20-маусымда басталмақшы. Биыл жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша тағы 20 мың грант бөлінетін болды. Ол гранттардың 11 мыңын сұраныс бар техникалық мамандықтар бойынша бөлу жоспарланып отыр.

Әрине, елімізде білім беру саласында гранттардың көбейіп, жастардың сапалы білім алуына біршама жағдай жасалуы қуантарлық жағдай. Мамандардың көп болғаны дұрыс, ал оларды жұмыспен қамту жағынан, өкінішке орай кері көрсеткіштеміз. Energyprom.kz сайтына сенсек жұмыссыздықтың жоғарғы көрсеткішін еліміздің өнеркәсіп орындарға бай Астана және Алматы қалаларымен қоса Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары көш бастап тұр екен. Сонда жыл сайын техникалық мамандықтарды бітірген түлектер қайда кетіп жатыр деген заңды сауал туындайды. «Ұрпақ тағдыры – білім» қозғалысының жетекшісі Ерсайын Ерқожаның есебінше, мектеп бітірушілердің 20-30 пайызы ғана мамандықты дұрыс таңдайды. «Тағы бір үлкен проблема, қолына диплом алғандардың 90 пайызы өз мамандығына сай жұмыс таба алмайды. Қазақстанда мамандықтарға талдау жасалмайды. Ал түлектер тек грантқа ғана ұмтылады, ол мамандыққа сұраныс бар ма, бітірген соң жұмыс таба алады ма – оны ойламайды. Мектептерде кәсіптік бағдар беру жағы қарастырылмағандықтан, оқушылардың қолында мамандықтар туралы ақпарат жоқ, мүлдем хабарсыз. Арнайы зерттеулерге жүгінсек, жылда жоғары білім алған жастардың 10-20 пайызы ғана өз мамандығымен жұмысқа тұрады екен. Қалғаны ақша табу үшін басқа салаға кетеді», – дейді ол өз сараптамасында.

Шындығында дипломды алып, өзге салаға кетіп жатқан мамандар өте көп. Өкінішке орай, біздегі тәжірибеге қарасақ, мектеп бітірушілер көп жағдайда ата-ананың көңілін қалдырмау үшін мемлекет тағайындаған гранттарға ие болады. Себебі, баласын ақылы оқытуға ата-аналардың бәрінің бірдей қалтасы көтере бермейді. Сондықтан қайткенде грантқа ілігуге тырысады. Одан басқа ештеңе ойламайды. Ал, дамыған елдердің тәжірбиесіне сүйенсек, оқушылар мектеп бітірер кезде емес, оның алдында кірісіп кетеді. Мәселен, Францияда оқушылар ортаншы сыныптарда арнайы бизнес ойындар, тренингтер жүргізіп әрі жеке кәсіпкерлермен кездеседі екен. Арнайы мемлекеттік мамандар оқушының ынтасын тексеру үшін түрлі психологиялық зерттеулер жүргізе отырып, соңында балаға резюме дайындап оған психологиялық қолдау көрсетеді. Ал, Финляндияда 7-сыныптан бастап, оқушы аптасына 2-3 рет қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысуға міндетті. Тоғызыншы сыныпқа дейін оқушы елдегі әрбір кәсіптің қыр-сырын зерттеп, кадр бөліміндегі мамандармен тығыз байланыс орнатады. Егер бала осы уақыт аралығында белгілі бір шешімге келе алмаса, тағы бір жыл оқуына мүмкіндік бар екен. Күн шығыс елінде де бала болашағына аса көп мән береді. Мысалы, оқушы 3 жыл ішінде өзін 48 түрлі мамандықта күшін сынайды. Одан кейін психологтар, мұғалімдердің көмегімен өзіндік зерттеу жасап, 62 тармақтан тұратын арнайы тестілеуден өткеннен кейін ғана әрбір балаға жекеше оқыту жоспарын құрады екен. Біздің елдің түлектеріне осындай жағдай жасалса, жоғарғыда атап өткен мәселелер өз шешімін табар еді. Сонда жеткіншек болашақ мамандығын өз жүрегінің қалауымен таңдайтын болады.

Жоғары оқу орындары ассоциациясының президенті Рахман Алшановтың айтуынша, жылына 2000-ға жуық студент әртүрлі себептермен гранттан бас тартады екен. «Біз қазір нарық заманында өмір сүріп жатырмыз. Мамандық нарықтағы сұранысқа тікелей тәуелді. Жаңа кәсіпорындар көптеп ашылып жатыр. Яғни, сол кәсіпорындарға болжам жасау арқылы, маман дайындалу керек. Мұны мамандыққа тапсырыс берушілер алдын-ала айтып отыруы қажет. Сонда сұранысқа сай мамандар дайындап шығаруға болады. Кәсіпкерлер жаңа жұмыс орны ашылатыны туралы алдын-ала хабардар етпейді. Қажет мамандарды кәсіпорын ашылғаннан кейін ғана іздей бастайды. Кейде керісінше, кәсіпорын жабылып қалып, сұраныс бойынша дайындалған мамандардың өздері керек болмай, далада қалатын кездер болады» – дейді Р.Алшанов. Бұл дегеніміз мемлекетіміз бөлген қомақты қаражаттың желге ұшқаны емес пе? Осы орайда, Mamanbol.kz сайты жаңа 100 мамандық түрі жайлы ақпарат енетін энциклопедия жасауды қолға алды. «Мамандықтарға қатысты алда үлкен өзгерістер күтіп тұр. Технология күннен-күнге дамып жатыр. Алдағы он жылдықта есепші, заңгер мамандықтарына сұраныс болмауы мүмкін. Барлығы автоматтандырылған жүйеге көшеді. Өйткені, бірнеше адамның жұмысын бір адам атқарады деп болжам жасалып отыр. Есесіне жаңа жұмыс түрлері ашылады. Мысалы, 2020 жылға қарай қашықтықтан басқарушы координатор мамандығы сұранысқа ие болуы мүмкін. Сонымен қатар генетикалық кеңесші мамандығы екі-үш жыл көлемінде сұранысқа ие болады деп болжап отырмыз. Өйткені генетикалық аурулар белең алып тұр. Тіпті осы уақытқа дейін қажет болмай қалған мамандықтар қайтадан сұранысқа енеді. Мысалы, қыш ұстасы, сарай қызметшісі. Бұл да – мамандық. Өйткені, арнайы мектептерде үйреніп шығады», – дейді жоба үйлестірушісі Қанат Ысқақов. Әрине, қазіргі жаһандану заманында көптеген мамандықтар өзіндік маңыздылығын жоғалтты. Солай болуы да тиіс шығар. Электронды еңбек биржасының мәліметі бойынша Қазақстан елдердің тізбесі бойынша орташадан жоғары табысты мемлекеттер санатына кіреді екен. Ал 68 елден тұратын табысы жоғары мемлекеттер қатарына кіруге біздің елге не жетіспейді? Ол үшін бізге мамандарды дайындау мен оларды жұмыспен қамту бағытында әлі де көп еңбектенуге тура келеді. Оның жолында кедергі дегеніміз толып жатыр.

Осы орайда ЖОО-дағы гранттардан бөлек, ақылы білімнің өзге елге қарағанда қымбаттау екенін айту керек. Сол ақшаға сіз Азия елдерінің бірін таңдап, немесе үстіне ақша қосып, қалаған жеріңізде оқи аласыз. Көптеген ата-аналар балаларын «Шетел көріп қайтсын, сапалы, жақсы білім алсын» деген мақсатпен сыртқа жіберіп жатыр. Алайда елге оралған соң, өзге елде оқуға жұмсалған ақшаның құнын өтемек түгілі, жұмысқа орналаса алмай жатқан жастарымыз да жетерлік. Олардың бірқатары шетелдік компанияға жұмысқа тұрып, кейін өзге елдің азаматтығын алып жатқандары да бар. Демек, қыруар қаржы жұмсап оқытқан білікті мамандарымызды жоғалтып жатырмыз. Статистикалық мәліметтер бойынша өткен жылы елімізден 37 707 адам көшіп кеткен, оның ішінде 35 680 адам – Қазақстан азаматтары. Олардың көбісі көрші Ресейге — 32 875 адам, ал қалған 2 960-ы – Германияға, 288-і – Беларусияға, 284-і – АҚШ-қа болса, 127-сі Израильге қоныс аударған. Бұл жерде де, алдымен тұрмыстың қамымен, жөнді жұмысы болмаған соң көшкендерін айтуымыз керек.

Жастардың шетел асып кетуіне негізгі себеп – жұмыссыздық. Біз өзіміз оқытқан жас мамандарға қызмет тауып бере алмай отырмыз. Қазір қарап тұрсаңыз, жарнамаларда білімі бәлендей, жасы орташа 25-тен кем емес, тәжірибесі болуы керек дейді. Орта білімнен соң, іле-шала жоғары оқу орнын бітірген жастарда қандай тәжірибе болуы мүмкін? Жұмыс істеуге ниет білдірген, университетті енді ғана аяқтаған жас мамандардан жұмыс берушілер бірнеше жылдық тәжірибе талап етуі санаға сыйымсыз. Демек, жастарға тәжірибе жинақтау үшін студент кезінен бастап мамандық бойынша қызметке араласуы қажет. Тәжірибелі, білікті маман іздейтін жұмыс берушілердің студенттерді бірден қызметке қабылдауы екіталай. Сонымен қатар, жас маманның міндетті түрде сынақтан өтуі керек. Дәл осы сынақтан өту мерзімі кезінде де заңға қайшы әрекеттердің орын алатынын Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі де сынға алған болатын. «Еңбек кодексінде жаңа қабылданған қызметкерлер үшін сынақ мерзімі туралы норма бар. Алайда кейбір кезде ол ешбір қисынға сыймайтын жағдайға дейін жеткізіледі. Жоғары оқу орындарын бітірген жастар заңда белгіленген мерзім ішінде «сынақтан өтушілер» есебінде ешбір еңбекақысыз жұмыс істеп қана қоймай, сонымен бірге, оларды шамадан тыс жұмысқа салу жағдайлары да жиі кездесіп қалады. Оның үстіне сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін 3-4 сынаққа алынушының біреуі ғана штатқа кіргізіліп, қалғандары шетке қағылады. Әсіресе, мұндай берекесіз тірлікке мемлекеттік емес мекемелер мен жеке құрылымдар, соның ішінде ірі банктердің филиалдары көбірек барады. Бұл дегеніміз – біздің жастарымызды қанаудың бір түрі емес пе!» деп айтқаны белгілі. Онсыз да мамандық бойынша жұмысқа орналаса алмай жүрген жастар үшін бұл заң жобасы жығылғанға жұдырық болды. 2015 жылдан бастап «Білім туралы» ҚР Заңының 47-бабына мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алған азаматтар оқу орнын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл мамандығы бойынша жұмыс істеуге міндетті екендігі туралы жаңа норма енгізілді. Қазіргі таңда оқу бітірген жастардың басым бөлігі өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай, өзге жұмыс істеп жүр. Ал мемлекет оларды оқыту үшін қомақты қаражат бөлуде. Мемлекеттің жас түлектерден мамандық бойынша қызмет етуін талап етуі дұрыс та шығар. Бірақ жастардың мамандық бойынша қызметке орналасу кезінде кездесетін жоғарыда аталған кедергілерді шешуге мемлекет неге назар аудармайды? Алдымен сол кедергілерді алып тастау қажет қой. Жас мамандарға мұндай талап қойылатын болса, олардың жұмысқа орналасуы үшін жағдай жасалуы қажет емес пе? Сондай-ақ, университетті бітірген жас түлектен оқу орындары мамандығы бойынша жұмысқа тұрғаны жөніндегі анықтама талап етеді. Яғни, оқу орнын бітірген жас маман өзінің жұмыссыз қалмағандығын дәлелдеуі тиіс. Ал жұмысқа орналаса алмағандардың жалған анықтама алу үшін түрлі мекемелерді жағалап жүргені. Ондай қағазды алып келу қиын емес, жолы табылады. Бірақ, одан жас маманға қандай жеңілдік болмақ? Сөйтіп, бүгінгі таңда жаңағы қаулыға қатысты жоғары оқу орындары түлектерді қағаз жүзінде осылайша «жұмыспен қамтып» жатыр. Бұл – университет үшін үлкен көрсеткіш шығар. Жоғары оқу орындары мемлекеттің қаржыландыруынан айырылып қалмас үшін, осы көрсеткішті жоғары жаққа ұсынады. Яғни, бұл анықтамалар университет ұшырған түлектердің барлығы қызметке орналасқанын айғақтайды-мыс. Ал, шын мәнінде бұл көзбояушылық, өзімізді-өзіміз алдау. Мемлекетіміздің дамуына үлес қосуға тиісті жастарды қинап, өзіміз кедергі жасап жатырмыз

Мұнымен қатар рулық, туыстық, жерлестік сияқты сана сезімнің шырмауында жүрген басшылар бөтен біреуді жұмысқа алмайтыны да аян. Білікті мамандар қызмет барысында өспей, танысы, туысы барлардың тасы өрге өрмелейтіні де содан болып жатыр. Сонда, қанаты әлі бекімеген, қолдаушысы, қамқоршысы жоқ жас маман не істеуі керек? Ата-аналар осындай жағдайлардан кейін, шарасыздан балаларын еңбекақысы жоғары, жұмыс істеуге жағдай жасалған шетелге жіберуге мәжбүр. Шетелде де қазақ келді екен деп құшағын жайып қарсы алмайды. Оларды ең ауыр жұмысқа жегеді. Жалақысы да олардың мамандарына қарағанда анағұрлым төмен тағайындалады. Ал, елімізде жұмыссыздық мәселесі белең алып тұрғанда, көптеген кәсіпорындар алдыңғы қатарлы мамандары шетелден шақыртып жатыр. Мына бір қызықты мәліметке назар аударыңыз, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының кестесі бойынша Қазақстанға шетелден фирма директоры, бас директор, бөлімше басшысы, менеджер және бөлім басшысы, жөндеу және сынау бойынша, жабдықты жиынтықтау, құрылысты қадағалау бойынша инженерлерді сырттан шақырады екенбіз. Сонда ондаған жылдарда біз осы мамандықтардың иесін дайындай алмағанымыз ба?

«Біздің жағдайдағы негізгі мәселе – сапалы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету. Әрбір адамдар өз мүмкіндіктерін іске асыру үшін тиісті жағдайларды туғызу мен еңбек нарығының маңызды жақтарының тиімділігін арттырып қамтамасыз ету болып табылады» – деп көрсеткен болатын Елбасы. Бұл мәселені тек бір жақты етіп қарауға болмайды. Елімізде жаңа жұмыс орындарын ашу, жастарды жұмыспен қамту үшін көптеген бағдарламалар бар. Алайда, жастарды жұмыспен қамту толықтай өз шешімін таппай отыр. Қомақты қаржы жұмсап оларды оқытқаннан не пайда? Тіпті шетел асырып біліктілігін де арттырып жатырмыз. Тұрақты жұмыспен қамтылмаса жастар сол алған білімін қалай іске асырмақшы? Егер жастарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешпесек, біз оларды шетел үшін оқытқан болып шықпаймыз ба? Ал, шын мәнінде біз жастарымызды өз отанына, өз халқына қызмет етеді деген мақсатпен оқытып жатқан жоқпыз ба? Олай болса жас мамандарды оқытып қана қоймай, олардың еңбек етуіне мүмкіндік беріп, кең жол ашуымыз керек.

Әмина ӘЛМАХАН

«АҚ ЖОЛ» АДВОКАТТАРДЫ ҚОЛДАДЫ

«Ақ жол» фракциясының депутаттары адвокаттарды қолдады – ұзақ және қызу пікірталастардан кейін, адвокаттық қызмет туралы заң жобасы бойынша жұмыс тобы Азат Перуашевтің түзетулерін енгізуге дауыс берді, ал өткен аптада құжат Мәжілісте қабылданды.

Естеріңізге сала кетейік, бұл заң жобасы адвокаттық қоғамдастық пен әлеуметтік желілерде қоғамдық үлкен резонанс тудырды және Әділет министрі Марат Бекетаевтың қатысуымен екі рет «Ақ жол» партиясында талқыланды. (http://akzhol.kz/ru/news/show/13570/1/4). Осы талқылаулардың нәтижесінде «Ақ жол» фракциясының заңгерлердің құқықтарын кеңейту, олардың қызметіне кепілдік беру және адвокаттар жұмысына сыртқы кедергілерді азайтуға бағытталған түзетулері әзірленді.

Мәжілістегі осы түзетулерді алғашқы талқылау ағымдағы жылғы 28 наурызда өтті. Оның барысында көптеген мемлекеттік органдардың өкілдері Перуашевтің түзетулеріне қарсы шығып, автор өз позициясын қайта-қайта дәлелдеуге мәжбүр болған еді (http://akzhol.kz/ru/news/show/15745/1/4).

Депутат Қанат Мусин бастаған жұмыс тобы кейінгі айларда да заң жобасымен жұмысты жалғастырды. Ақыр соңында, 28-мамырда жұмыс тобы Үкіметтің қорытындысын ескере отырып, «Ақ жол» партиясы төрағасының түзетулеріне қайта оралып, демократтардың бірқатар принциптік ұсыныстарын қарастырды және қолдады.

Атап айтқанда, Заңның 36-бабының 1-тармағына «Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, адвокаттың құқықтары шектеуге жатпайды» деген ереже енгізілді. Заңды адвокаттық қызметке араласу немесе кедергі келтіру заңда көзделген жауапкершілікке тартылады».

Бұдан басқа, депутат Перуашев сұратылған ақпаратты адвокатқа беруден бас тартуға болатын негіздемелердің тұтастай тізбегін жоюға қол жеткізді (мәселен, дұрыс емес рәсімдеу, мағлұматтың болмауы, қажеттіліктің болмауы, заңгерлік көмек көрсету мақсатының сәйкес келмеуі).

«Ақ жол» басшысының қабылданған түзетулеріне сәйкес егер ол қолжетімдігі шектеулі ақпарат ретінде танылса ғана сұратылған ақпаратты адвокатқа беруден бас тартуы мүмкін.

Ол, сондай-ақ, адвокаттық қызметті жүргізу үшін қажетті (36-бап, 9-тармақ бойынша) компьютерлерді, смартфондарды және басқа да техникалық құралдарды және де адвокаттық қоғамдастықтың мүддесіне өзге де бірқатар жаңа енгізілімдерді сотта қолдануға заңнамалық рұқсат беруді талап етті.

«Біздің міндетіміз – сот процесінің шын мәніндегі ашықтығы мен сайыскерлігіне, азаматтардың тиімді қорғалуына деген конституциялық құқығын толыққанды жүзеге асыруға, сотта істерді адамдардың лауазымы мен беделіне қарап, «бетің бар, жүзің бар» демей объективті және күні бұрын кесіп-пішілмеген түрде карауды қамтамасыз етуге, төрешілердің жұмысы мен құқық қорғау жүйесіндегі әдейі айыптаушы көзқарасты болдырмауға қол жеткізу. Ал, оған мықты әрі тәуелсіз адвокаттарсыз қол жеткізу мүмкін емес», – деп бұл ретте Азат Перуашев баса айтты.

Өкінішке орай, «ақжолдықтар» көшбасшысының екі ұсынысы - адвокаттардың өз қорғалушысына қатысты тергеу әрекеттерін жүргізу барысында оларды жасырын ынтымақтастыққа тартуға тыйым салу туралы және де адвокаттар алқасын өз әріптестерін ұстаған жағдайда дереу хабардар ету туралы ұсынысы – жұмыс тобының көпшілік даусымен қабылданбады. Соған қарамастан, енгізілген нормалар тіпті Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Әнуар Түгел бастаған адвокаттар қоғамдастығының қол соғып көрсеткен қошеметімен қабыл алынды.

Әрі қарай бұл шешімдер Мәжілістің Сот-құқықтық реформа жөніндегі комитетінде және Мәжілістің пленарлық отырысында қолдау тапты. Онда заң қабылданып, Сенатқа жолданды.

«Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру және өз сайлаушыларының: кәсіпкерлер мен қарапайым азаматтардың мүддесін қорғау бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

Азат ПЕРУАШЕВ:

ҚАЗАҚСТАНДА ШЕНЕУНІКТЕР САНЫ ЖАПОНИЯДАН 80 ЕСЕ КӨП

Қазақстанда шенеуніктер саны Жапониядан 80 есе көп, бірақ Жапония экономикалық жағынан бізден алда келе жатыр. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Азат Перуашев айтты.

Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру туралы Заң жобасын мақұлдады. Дегенмен, Азат Перуашев заңға қатысты өз наразылығын білдірді.

«Ұлт жоспарының 97-қадамында Президент мемлекеттік функцияларды беру арқылы шағын үкіметке өту керек деген болатын. Яғни, мұнда мемлекеттік органдардың бюджеті мен мемлекеттік қызметкерлерді қысқарту жайында айтылып отыр. Біз осы мәселе бойынша екі сауал жолдадық. Біз «егер функцияларды берсек, сәйкесінше шенеуніктерге кететін шығындарды да қысқарту керек және босаған шенеунікті жұмыстан шығару қажет. Егер функцияларды берсек, олар бізге не керек?» – дедік. Ал Үкімет «бұл қарастырылмаған, қажет деп есептемейміз» деп жауап берді. Яғни, біз енді бизнеске қосымша қаржылай ауыртпашылық түсіреміз. Сондықтан осы сомаға бюджет шығындарын қысқартып, шенеуніктерді жұмыстан босату керек. Үкімет те, бүгін министр де (Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов –авт.) осы сұраққа дұрыс жауап бермеді», – деді Перуашев журналистерге берген сұхбатында.

Депутат өз сөзінде ЭЫДҰ мәліметін келтірді. Дерекке сай, Қазақстанда жұмыс істейтін азаматтардың 21 пайызы – шенеуніктер немесе квазимемлекеттік сектор, ұлттық компания менеджерлері. Ал бұл көрсеткіш АҚШ-та 14 пайыз, Австрияда 10 пайыз екен.

«Яғни, бізде 18 млн халыққа 100 мың шенеуніктен келеді. Ал Жапонияда 128 млн халыққа 9 мың шенеуніктен келеді. Жапонияда 14 мың адамға 1 шенеуніктен келсе, Қазақстанда 180 адамға 1 шенеуніктен келеді екен. Яғни, еліміздегі шенеуніктер саны Жапониямен салыстырғанда 80 есе көп. Бұл не деген сұмдық! Енді Жапония мен біздің экономикалық дамуымызды қараңыз. Жауап анық қой», – деді Азат Перуашев.

Baq.kz

ТҰРҒЫН-ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ШАҒЫМ КӨП

«Ақ жол» фракциясы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасының іс жүзінде жүзеге асырылуын бақылауды күшейтуді талап етті. Партия фракциясының тиісті депутаттық сауалын Меруерт Қазбекова мәлімдеді.

ҚР Инвестициялар және даму министрі Ж.М.Қасымбекке бағытталған сауалда мемлекет басшысының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында 2011 жылы Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бойынша бағдарлама қабылданып, оның міндеттерінің бірі азаматтар үшін кондоминиум нысандарының ортақ мүлкін ағымдағы және күрделі жөндеуден қайтарылатын мемлекеттік қаражат есебінен өткізу арқылы жағдай жасау болып табылатыны айтылды .

Осы тапсырмаларды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдарға жыл сайын трансферттер бөлінеді. Бағдарламаға қатысу үшін заңнама талаптарына сәйкес кондоминиум құру және заңнама ережелерін, жаңғыртуды жүргізу тәртібін түсіндіру арқылы тұрғындардың жалпы жиналысын өткізу қажет. Содан кейін оның қортындысы бойынша хаттама жасалады. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлегеннен кейін және кондоминиумға қатысушылардың жиналысында мақұлданғаннан кейін, қосалқы мердігерлік ұйым келісіледі, ай сайынғы төлемдердің мөлшері бекітіледі және атқарылған жұмыстарды орындауға қатысуға өкілдер таңдалады. Кондоминиумның басшылығы осы және басқа құжаттарды жергілікті әкімдіктің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына жібереді, содан кейін нысанды жаңғырту туралы келісім жасалады.

Алайда, бұл талаптар толық орындала бермейді. «Ақ жол» фракциясының депутаттары өңірлік сапарлар барысында, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасының барлық кезеңдерінде заңнаманың талаптарының бұзылуына қатысты жергілікті тұрғындардан көптеген өтініштер айтылды.

Пәтер иелерінің кооперативі (ПИК) жалған келісімшарттар бойынша тұрғындарға барлық уақыт ішінде тиісті деңгейде көрсетілмеген қызметтер үшін ақы төлеткізіп, сондай-ақ, тұрғындарға айтпастан өздері белгілеп алған мердігерлермен күрделі жөндеуді жүргізу үшін көтеріңкі бағаға келісімшарттар жасасады. Бұдан басқа, күрделі жөндеу жұмыстары мемлекеттік сәулет-құрылысын бақылау, өртке қарсы қызмет, сәулет және қала салу құрылысы органдарының қатысуынсыз жүзеге асырылады, соның салдарынан – үлкен заң бұзушылықтар орын алған жағдайлар кездесуде.

Осы және басқа да фактілер көптеген мемлекеттік және сот органдарының назарына ілікті және депутаттар алдында да көтерілді. Алайда, құқық қорғау органдарымен бұған қатысты іс қозғалғанына, соттардың келісім-шарттар мен жұмысты қабылдау актілерінің жарамсыз деп тану туралы шешімдеріне қарамастан олардың себеп-салдарын және анықталған бұзушылықтарды жоюға ешкім де асығар емес. Мәселен, Көкшетау қаласындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасына енген көптеген көп қабатты үйлерде жобалық құжаттамасына сай шатырды 0,7 мм-ден кем емес қалыңдықтағы металл шатырмен ауыстыру қарастырылған.

Алайда, іс жүзінде бүкіл қала бойынша мердігерлер ешкімнің рұқсатынсыз өз еркімен одан екі есе жұқа материалдарды қолданған, ол тиісінше арзанға жоспарланған. Сонымен қатар, атқарылған жұмыстар жөніндегі актіде бұл материал жобалау-сметалық құжаттамаға енгізілгенге сәйкес келеді деп тұрғындардан қалыңдығы 0,7 мм материал үшін ақша төлеуді талап етеді. Ал, бұл дегеніңіз – бір мың шаршы метрді ғана құрайтын шатырлар емес. Төбе жабындысы материалдарына қатысты бұзушылықтардан басқа мердігерлер ескі төбені бөлшектеу кезінде ағаш шатырдың қаңқасын ауыстырмай, сондай-ақ мұндай жағдайда міндетті түрде жүргізілуі тиіс болатын ағаш материалдарды оттан қорғайтын арнайы төсеммен өңдеу, жылыту, желдету шахтасы құрылғысын орналастыруды орындамайды. Осылайша, ҚР ережелері мен санитарлық нормаларды өрескел түрде бұзылады.

«Ақ жол» депутаттық фракциясы осы жәйіттерді көрсетіп, министрден келесі сұрақтарға жауап беруін сұрады:

1. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасының іс жүзінде жүзеге асырылуына бақылау қалай жүргізіледі?

2. Сапасы қалай бақыланады, қолданылатын материалдардың және орындалған жұмыстардың стандарттарын сақтау, сондай-ақ кепілдендірілген мерзім ішінде мердігерлердің өз міндеттемелерін орындауы қалай қадағаланады?

Сапасыз жөндеу жұмыстарына негізгі себеп болып отырған осы сұрақтарға енді министр жауап беруге тиісті.

«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі

ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ 4.0

Бүгінде жер-жерде мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы қызу талқылануда. Оқырман назарына Солтүстік Қазақстан облыстық жетекші мамандардың лебіздері ұсынылып отыр.

ЕҢ ҚАСТЕРЛІ МІНДЕТ – ЕЛДІК МҮДДЕ

Ырысжан НҰРҒАЛИЕВА,
Мағжан Жұмабаев аудандық білім бөлімінің басшысы:

– Елбасы Жолдауында барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттігін атап көрсеткені мәлім. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болуда және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды көздейді.

Мағжан Жұмабаев ауданындағы Сарытомар орта мектебі – жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасын эксперименттен өткізген еліміздегі отыз мектептің бірі. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. Бүгінгі таңда жаңартылған бағдарлама бойынша 7, 2, 5 және 7-сынып оқушылары білім алуда. Аудан бойынша Сарытомар орта мектебі жаңартылған мазмұндағы білім беруді сынақтан өткізетін пилотты мектеп ретінде айқындалған. Онда мектепалды даярлық сыныбы, 3, 6, 8-сыныптар сынақтан өтеді.

Білім берудің мазмұны жаңарып, тың көзқарастар пайда болды. Ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеріп қана қоймай, оны сабақ барысында тиімді қолдана білу міндеті тұр. Педагогтерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керектігін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында баса айтқан болатын. Бүгінгі таңда ауданымыздағы 887 мұғалімнің 251-і жаңа бағдарлама бойынша даярлық курстарынан өтті. Сонымен қатар мектеп директорлары мен олардың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары да біліктіліктерін жетілдірді. Булаево №4 орта мектебі базасында бастауыш сынып мұғалімдерінің көшпелі курстарын ұйымдастыру жоспарланып отыр. Елбасы Жолдауында білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын жақсарту қажеттігі міндеттелді. Осыған орай ауданымыздағы білім беру ұйымдарындағы педагогтердің тілдік даярлығына баса назар аударылуда. 2017-2018 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша 34 мұғалім курстарда оқып, А2, В1, В2 деңгейлеріне ие болды. Булаево №2 орта мектебі аудандағы жаратылыстану математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту бойынша пилотты білім ордасы ретінде белгіленді. Онда бүгінде информатика пәні бойынша ауданымыздың тағы 65 мұғалімі біліктіліктерін жетілдіру курстарынан өтеді. Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты интернетке қосылу да Жолдау аясында жүзеге асырылатын маңызды шара болғандықтан, бұл мәселені де назардан тыс қалдырған жоқпыз. Ауданның жиырма мектебі жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылған. Тағы сегізінің жылдамдығын арттыруды жоспарлап отырмыз. Барлық мектептер материалдық-техникалық жабдықтармен, интерактивті қондырғылармен қамтылған. Булаево №2, Сарытомар орта мектептері робот техникасынан пилотты жобадағы мектептер болып табылады. Оларда сабақ беретін он бір мұғалім арнайы курстарды бітірді.

Жолдауда атап көрсетілгеніндей, 2019 жылдың 1-қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет. Білім беру мазмұнын жаңарту, инновациялық технологиялар мен әдістемелерді, баланың икемі мен дағдысын қадағалау көрсеткіштерінің жүйесін енгізу мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі міндеттері болып табылады.

Бүгіндері аудандағы бес балабақша мен қырық шағын орталықта 1200-ге жуық балдырған тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдарында он бес жоғары, жетпіс екі арнаулы орта білімді маман жұмыс істейді. Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы бойынша жиырма тәрбиеші «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-ның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру институтындағы курстарда оқып шықты.

Балабақшалар Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы» мемлекеттік стандарттарына сәйкес қызмет көрсетеді. Типтік бағдарламаны жүзеге асыру білім берудің «Денсаулық», «Байланыс», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» салаларын біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру мекемелерінде жобалық, зерттеушілік, ақпараттық коммуникативтік, денсаулық сақтау, тұлғалық-бағдарлық және ойын технологияларына ерекше мән беріледі.

Денсаулық сақтау технологиясы бойынша «Балдәурен» бөбекжай-бақшасының әдістемелік құралы шығарылды. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-ның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру институты ұйымдастырған байқауда «Бөбек» балабақшасының тәрбиешілері «Балаларды саламатты өмір салтына тарту» тақырыбындағы өзінің педагогикалық идеяларымен бөлісіп, екінші орынға ие болды. Бүлдіршіндерді балабақшадағы кезеңнен бастап ғылыми жобаларға, зерттеулерге даярлаудың маңызы ерекше. Тәрбиеші педагогтер «Дидактикалық ойындар арқылы қарапайым математикалық ұғымдар қалыптастыру», «Мектепке дейінгі мекемелерде ата-аналармен бірлесе отырып, бала құзыреттілігін дамытудың жолдары», ал бүлдіршіндер «Терезе алдындағы жуа», «Үй жануарлары» тақырыптарына зерттеулер жүргізді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыруға орай мектепке дейінгі мекемелерде қоғамдық жаңарудың жоспары жасалды. Отан отбасынан басталатынындай, әр бүлдіршіннің бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға балабақшаларда ерекше мән беріледі. Балалардың кішкентай күнінен бастап оларды Отанымыздың көрікті жерлерімен, еліміздің рәміздерімен және олардың авторларымен, туған ауылының тарихымен, белгілі тұлғаларымен, Қазақстанның «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктерімен, жануарларымен, тағы басқалармен таныстыруға баса назар аударылады. Осындай шаралар бейнетүсірілімдер көрсете отырып, жүргізіледі. Туған өлкеміздің табиғатын тамашалау арқылы балғындар танымдық қызықты деректерге қанығады.

Сонымен қатар рухани жаңғыру аясында білім беру ұйымдары «Тәрбие және білім» атты ішкі бағдарламасын әзірледі. Ол өскелең ұрпақты жан-жақты, үйлесімді дамыған қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған. Бағдарлама аясында мектеп оқушылары Сарытомар ауылындағы Мағжан Жұмабаевтың мұражайымен, Булаево және Петропавл қалаларындағы тарихи-өлкетану мұражайларымен, олардағы құнды жәдігерлермен, ауданымыз бен облысымыздың тарихымен және оның жасампаз адамдарының өмірлерімен, жүріп өткен жолдарымен танысты.

2018 жылдың қаңтар айында қазақтың ұлы ақыны, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған патриоттық марафон бастау алды. Шараның мақсаты – Мағжан сенген өскелең ұрпақты ақынның артында қалған асыл мұраларымен таныстырып, оның шығармаларынан рухани нәр алуға, оған деген қызығушылықтарын оятуға бағытталған. Бүгіндері жас ақындардың Мағжанға арнаған өлеңдері «Жыр қоржынына» жинақталып, ол марафон түрінде барлық аудандардың мектептерін аралауда. Алаштың арысы Мағжанның туған күніне дейін барлық мектептерді аралаған «Жыр қоржыны» Сарытомар ауылындағы ақынның мұражайына тапсырылатын болады.

Мағжан Жұмабаев ауданының барлық мектептерінің мұғалімдері өздерінің тәрбие жұмыстарын «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде құрып, солар бойынша жұмыс істеуде. Онда туған өлкеге, отбасына, Отанға сүйіспеншілік, еңбексүйгіштік, тұрақтылық пен бірлік, қонақжайлылық, тағы басқа да құндылықтарға тәрбиелей отырып, шығармашыл, туған жерін шексіз сүйетін, еліміздің нағыз азаматын тәрбиелеу мақсат етілген.

Қайрат ПІШЕНБАЕВ,
облыстық мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының басшысы:

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауы – еліміздегі ең маңызды саяси оқиғалардың бірі. Бұл мемлекетіміздің дамуының стратегиялық негізгі құжаты болып табылады. Биылғы Жолдау еліміздің төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамуына арналған. Онда Мемлекет басшысы іске асыруға қажетті он негізгі міндетті айқындап берді. Жолдауда Елбасы: «Жаһандық технологиялық жылжу сын-қатерлермен қатар өсудің жаңа мүмкіндіктерін де әкеледі. Бұл біздің әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге тарихи мүмкіндік болып табылады» – деп қазіргі заманғы технологиялар өмірімізді өзгертетінін атап айтты. Бұл нақты тәжірибелік істер бағдарламасын, әрине, қазақстандықтар қызу қолдайды. Осы орайда маңызды құжатта адами капиталдың жаңа сапасын қамтамасыз етуді көздеген жетінші басымдыққа ерекше назар аударғым келеді. Мемлекет басшысы әділ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін, соның ішінде, еңбек қатынастары саласында азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету арқылы еліміздің адами капиталын арттыруға бағытталған біртұтас саясат жүргізуде. Жолдау міндеттеген бағытты жүзеге асыруды көздеп, жұмысын үйлестіріп отырған облыстық еңбек инспекциясы басқармасы бүгінде айтарлықтай іс-шаралар атқаруда. Облыстың мемлекеттік еңбек инспекторлары 2017 жылы 271 кәсіпорында тексерген болатын. Тексеру барысында Еңбек кодексін бұзудың 662 фактісі анықталды. Заңсыздықтың басым бөлігі жұмыс берушілерге қатысты болды. Еңбек қатынасы 351 рет бұзылса, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 284 кемшілікке жол берілген, жұмыспен қамту бойынша 27 заңсыздық анықталды. Осы анықталған кемшіліктердің негізінде инспекторлар 212 нұсқама толтырды. Еңбек заңнамасының бұзылуына жол берген 137 лауазым иесі мен заңды тұлға өкілі әкімшілік жазаға тартылды.

Бұл жұмыс биыл да өз жалғасын тапты. Басқарма мамандары облыс бойынша азаматтардың құқықтарын қорғау және еңбек қатынастарын реттеуді іске асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі жол картасын жүзеге асыруда. Жыл басынан бері мемлекеттік еңбек инспекторлары кәсіпорындар мен ұйымдар қызметіне 72 тексеріс өткізіп, 123 еңбек заңнамасын бұзу фактісін анықтады. Оның 82-сі еңбек қатынастары, 39-ы еңбекті қорғау және қауіпсіздік, ал екеуі жұмыспен қамту мәселелеріне қатысты болды. Жұмыс берушілерге кемшіліктерді жою туралы 53 нұсқама берілді. Оның негізінде 6,1 млн. теңгенің айыппұлы салынды.

Қазақстанның әрбір тұрғыны еңбек бостандығына ие, тиісті шарт бойынша қауіпсіз де таза жұмыс орнында еңбек етуге құқылы. Алайда, ол әлі күнге өзектілігін жоймаған мәселелер қатарында қалып отыр. Әдетте, оның басты себебі – жұмыс берушінің артық шығын шығарғысы келмейтіндігі. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес былтыр жергілікті кәсіпорындарда 53 оқыс оқиға орын алып, 56 адам жапа шеккен болатын. Ал үстіміздегі жылы өндірісте 18 жазатайым оқиғаға тергеу жүргізілді. Бұл оқыс оқиғаларға себеп болған жағдайлардың ішінде жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын бақыламауы, зардап шегушінің еңбек қауіпсіздігі талаптарын толық білмеуі немесе орындамауы, машиналар мен механизмдердің ақауларының болуы, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуы, апаттар, жеке қорғану құралдарын пайдаланбау сияқты фактілер жиі кездеседі.

Маңызды салада бұдан да басқа кемшін тұстар баршылық. Мәселен, зейнетақы жарналары мен салық төлемдерінсіз өңбек етіп жүрген азаматтар тіркелуде. Оған қоса соңғы екі жыл ішінде инспекторларымыз еңбек шартын жасамастан, жұмысшылардың қызметін пайдаланып отырған ондаған кәсіпкердің әрекетін әшкереледі. Олардың дені құрылыс, сауда, қоғамдық тамақтандыру орындары мен ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеген.

Осыған орай үстіміздегі жылдың наурыз айында ел бойынша «Еңбек шартын жасаңыз» акциясы басталған болатын. Республикалық акцияның мақсаты – бейресми еңбек қатынастарына жол бермеу және оларды анықтау, еңбек қатынастарының жасырын түрлерін қысқарту, азаматтардың еңбек саласындағы өз құқықтарынан хабардар болу деңгейін арттыру.

«Еңбек шартын жасаңыз» шарасы бейресми еңбек қатынастарында тұрған азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесіне тарту, халықтың жұмыспен бейресми түрде қамтылу фактілеріне теріс көзқарасын қалыптастыру, жұмыс берушілерге бақылау шараларын күшейту, мемлекеттік органдардың, әлеуметтік әріптестердің қатысуымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындар арасында ауқымды түсіндіру жұмысын жүргізуді көздейді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұйымдастырып отырған акция жыл бойы жалғасады. Азаматтар қолданыстағы еңбек заңнамасы саласындағы заң бұзушылықтар, еңбек шартын жасамаған жұмыс берушілер, әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналарын аудармайтын кәсіпорын басшылары туралы хабарлау мүмкіндігіне ие.

Еліміздің дамуының алдағы жылдарға арналған барлық басым міндеттері бірлескен күш-жігеріміздің арқасында табысты іске асырылатынына ешқандай күмән келтірмейміз.

qazaquni.kz

Игерілмей жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін жаппай сатуға және 25 жылға жалға беруге батыл һәм жанкешті қарсылық көрсеткен халық ақыры жартылай жеңіске жетті. Билік пен үкімет икемге келіп, халықпен санасуға мәжбүр болып, Келісім комиссиясы құрылып жұмыс істеп жатыр. Оған қойылар басты халық талабы белгілі. Ол: жерді жекеге ешкімге сатпау және шетелдіктерге 25 жылға, яғни ұзақ мерзімге жалға да бермеу. Әлеуметтік желіде: «Жерді сатпаймыз, жалға бермейміз десек, онда ол жермен не істейміз? Осы жөнінде сауатты талап-ұсыныс керек» деген орынды пікір айтылды. Рас, шынында не істейміз? Келісім Комиссиясының талқылауларына осы сұрақтың дұрыс жауабымен бару керек қой.

ЖЕР мен АУЫЛДЫ
қауымдық шаруашылық құтқарады

Келісім комиссиясына ортақ талап-ұсыныс

Үкімет пен оның министрлері, барша әкімдері: ***«Жер өнім беруі керек, жермен жұмыс істеу керек»*** деп, сол уәжді алға тартады. Ал үкіметтің өзі, оның ауыл шаруашылық министрлігі мен әкімдері сол жермен неге өздері жұмыс істемейді?! Осы сұрақты неге қарсы қоймасқа. Үлкен өкініштісі, жермен қалай тиімді жұмыс істеуді облыстардың әкімдері де, аудандардың әкімдері де білмей отыр, қысқасы, басқара алмай отыр. Білмегендіктен осындай әрекетке барып, халық наразылығын тудыруда. *Ойлап отырсақ, Үкіметіміз шаруашылықтарды басқаруда өз мойындарына ешқандай жауапкершілік алғысы келмейді. Бәрін жекешелендіріп, өздері басқармай, басқаларға басқартып, солардың тапқандарынан салық жинап қана отыр деуге толық негіз бар. Нағыз нонсенс, парадокс дегенің осы емес пе?!* Комиссиядағы халық өкілдері үкіметтен бәрін жекелерге үлестіріп, құр салық жинап қана отыруды қойып, негізгі міндеті – басқару міндетін атқаруды талап етсін демекпіз.

Кеңес кезінде жыл сайын Қазақстан Отан қоймасына миллиард пұт астық құйып, облыстар бірінен соң бірі Ленин орденімен наградталып, механизаторларымыз Еңбек Ері атақтарын алып жататын. 35-40 миллион қойымыз болды, соны азсынып, 50 миллионға жеткіземіз деп күрестік. Сол тәжірибелерге неге назар аудармасқа. Кеңес десе оны құбыжықтай көріп жиырыла қалуымыз жөн бе? Жаманы өзімен кетсін, жақсысын алайық деп халық қанша қақсаса да үкіметіміз құлақ қоймайды.

Жердің игерілмей жатқанына үкімет шаруаларды кінәлі санайды. Ал шынына келсек, жыл сайын ауылға бөлініп жатқан қыруар мемлекет қаржысы «откат» деген бәленің кесірінен Астана мен облыс әкімдігінде талапайға түсіп, сонау ауылға жеткенше кемінде жартысы жымқырылады екен. Ал бұл кімнің кінәсі? Оның сыртында жыл сайын облыстарға бөлінген жүз миллиардтаған теңге бюджет қаржысы игерілмей қалғаны Парламентте жиі сөз болып, Президентіміз де үкімет басшысы мен облыс әкімдеріне ренжіеп жатады емес пе? Бұл кімнің кінәсі? Әрине, үкіметтің кінәсі екені айқын. ***«Игере білмеген жерді жамандайды, басқара білмеген елді жамандайды»*** деген осы.

Енді жерді сатпай-ақ та, ешкімге 25 жылға жалға бермей-ақ та оны игеруге болатынын, сөйтіп болашағы жоқ деп, жабылып жатқан, жабылудың алдында тұрған ауылдарды қалай құтқарудың жолдарын айталық. Мен ақын, жазушы ғана емес, ауыл шаруашылығын бір ғалымдай зерттеген және сол салада жұмыс істеген адаммын. 1970-1976 жылдары Алматыда компартияның органы «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналында қызмет атқардым. Соның нәтижесінде 1988 жылы бастама көтеріп, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен сол кездегі Министрлер кеңесінің төрағасы Қарамановтың табалдырығын тоздыра жүріп, елде алдымен «Игілік» атты шаруашылық кооперативін, содан соң «Болашақ» атты агрофирма құрып, үш жыл басшылық еттім.

Мен ауылдарды қазіргі қиыншылықтардан құтқару үшін не істеу керектігін талай айтып та, жазып та жүрген, сан рет бастамалар көтеріп және сол бастамаларымды жүзеге асырамын деп,әлі күресіп жүрген кісімін. Соңғы жылдары «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Президент және халық», «Түркістан» газеттерінде «Бағы байланған бастамаларым», «Жаңалықсыз заман алға басар ма?», «Болашақсыз ауыл жоқ», «Бастама», «Қайыңдым, сені қайтейін?», «Ауылды өркендетуге мүмкіндік мол» атты көлемді мақалаларым жарияланған. Бірақ солардың бір де біріне Үкімет те, ауыл шаруашылығы министрлігі де түк мән берген жоқ. Оны айтасыз, олар басқа газет түгіл үкіметтік бас газет «Егемен Қазақстанның» бетін ашпайды. Ауылға жаны ауырған қаншама ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің, басқа да ауыл шаруашылығы мамандарының құнды ұсыныс, орынды пікірлер айтылған мақалалары жарияланып жатады. Әттең, құлақ асатын ешкім жоқ. Ауыл шаруашылығын одан хабары шамалы адамдар басқарып отыр. Оған нақты мысал келтірейік.

Үкімет ауылдағы жеке шағын шаруа қожалықтарын біріктіріп, күштерін қосып, ірілендірген шаруашылықтар құру туралы шешімдер шығарып, әлденеше қаулылар қабылдаған. ***«Село тұтынушыларының кооперативі»*** деген құрылымның жарғысы да бар. Кезінде сол жөнінде облыстар мен аудандардың әкімдеріне сансыз бұйрық-жарлықтар берілген. Бірақ бір кезде құрылған шаруа қожалықтарының көбі тарап кеткен; қалғандары қанша үгіттесе де біріккілері келмейді. Ауыл шаруашылығы министрлігі жасаған түрлі ереже, жарғыларда жеке шаруаларды біріктірудің, **бірігуге көндірудің механизмі жоқ.** Сегіз жылдан бері сегіз шаруа қожалығын біріктіре алмаған шығар. Оны айтасыз, өздері бірігіңдер дей отырып, қауымдасып шаруашылық құру үшін 15 миллион теңге жарғылық қор болуы керек деп заң шығарып, бірігуіне кедергі жасап, тосқауыл қойып қойған. Ал бұған не айтасыз, күлесіз бе, жылайсыз ба?!

Енді осы ақылға сыя ма? Күндерін зорға көріп отырған ауылда 15 миллиондық жарғылық қор қайдан болсын. Енді Үкіметтің шаруларды кіналайтын не жөні бар? Ал мен құрмақ болған «Қайыңды қауымдық шаруашылығының» Жарғысында қауымшарға күштемейақ кіргізудің, біріктірудің механизмдері жан-жақты жазылған. 2009 жылы өз ауылым «Қайыңдыда» біз өткізген жалпы жиналыста қауымшар құруға, оған мүше болуға бәрі де қол көтерген. Себебі, ауыл адамдары бұрынғы колхоз сияқты жер де, меншік те, игіліктер де бәріне ортақ және бәрі де жұмыспен қамтылатын қауымшарға біріккісі келген. Әттең не керек, ол жолы 15 миллион жарғылық қор сор болып қауымшарды құра алмағанбыз. Ақылдары түстен кейін кіріп, былтыр бұрынғы 15 миллиондық жарғылық қор алынып тасталды. Енді биыл ауылда қауымшар құруды қайтадан қолға алайық деп жүргенде жерді сатамыз деген шатақ шығып елдің үрейін алып тұр.

Қорыта келгенде, жер жеке меншікке емес, ұжымдық яғни қауымдық меншікке берілуі керек. Оны қауымдық шаруашылық, қысқаша «қауымшар» деп атағанымыз жөн. Үкімет құрмақшы болған «Село тұтынушыларының кооперативінің» жұмыс принципі де шаруалардың, яғни ауыл тұрғындарының бірігіп қауымдасып, жұмыс істеуіне негізделген. Бұл бұрынғы колхоз. «Совхоздарды таратқанда оны бұрынғыдай колхоз ету керек еді» деген пікірді бәрі айтып келеді. ***Колхоз да жеке меншікке жатады.*** Айырмасы – бәріне бір ғана адам емес, сондағы бар адам иелік етеді, яғни қауымдық меншік, ортақ игілік. Енді басын ашып алатын мәселе, ауылда мың адамның меншігін бір адам иеленсе, ол бай-феодал болды деген сөз. Оның малын бағатын, сиырын сауатын, отын жағып, күлін шығаратындар сол ауылдың бүгінгі жұмыссыздары. Ал олардың шын аты – жалшы, малайлар, орысша айтқанда – батрактар. Екіншіден, Терещенко, Кулагин секілді және басқа он мыңдаған гектар шұрайлы жерлерді алып алған латифундистер ауылда тұрмайды, атқарушы директорлар арқылы басқарады. Ал олар егін науқандары кездерінде механизаторларды ауыл адамдарынан алмай, көбіне сырттан жалдайтындары туралы баспасөзден оқығанымыз бар. Пайда сыртқа кетіп ауылға ештеңе бұйырмайды. Сол латифундистер өздері жерін иеленіп, көл-көсір тапқан пайдасынан сол ауылға не жақсылық жасайды екен? Бұған журналистік зерттеу жасайтын газет табылар ма екен?!

Жерді қалталы байларға сату арқылы біз қоғамды қайда апарамыз? Әр нәрсені шын атымен атайтын болсақ, феодализмге апара жатырмыз. Жалшы-малайлардың күні байға жалтақтаумен, қорланумен өтеді.Бара-бара ер езге айналады, ал әйелдері байдың отымен кіріп, күлімен шығатын күңге айналады. Ал әбден байып алған бай бара-бара деспотқа айналады. Ауылға осындай өмір, осындай қоғам керек пе? Бұған қалайша жол береміз? Демек, дөңгелек үстел басында дұрыстап ақылдасайық. Қалаға – капитализм, ал далаға социализм қолайлы екені анық.

Қауымшарлар құру үшін бұрынғы кохоздастыру тәжірибесін пайдаланған жөн. Біздер аға ұрпақ сол колхоздарда өмір сүріп, әке-шешелерімізбен бірге жұмыс істеген адамдармыз. ***Колхоз – жекеменшіктің ұжымдық түрі. Жерді жекешелендірсек, осылай қауымдастырып жекешелендірейік.*** Оны құруды, шаруашылығын ұйымдастырып жолға қоюды, басқармаларын тағайындауды, содан соң қатаң бақылауды әрбір ауданның басшылары өздері тікілей жүзеге асырды. Алғашқы мал басы жекелерден жиналып құралды. Кейін сол аз мал өз төлінен көбейіп, мыңғырып өсіп, қыста қыстауларға, жазда жайлауға сыймай жататын.

Олай болса, ұжымдық меншікке негізделген қауымдық шаруашылықтар құруды үкімет өз мойнына алуы тиіс. Ол үшін әкімдер сәтсіздікке ұшыратқан «Нұрлы көш» бағдарламасын қайтадан жаңғыртып, ол көштің ат басын бұрынғыдай қалалардың жанына емес, далаға, ауылға бұру керек. Міне сонда, ауылда қауымшарлар көптеп құрылғанда ғана қазақ даласы бұрынғыдай қайта жаңғырып, қыста қыстаулар, жазда жайлаулар малға толады. Бұрынғы зоотехник, мал дәрігері, клуб пен кітапхана қызметкерлері, шопан, сиыршы, сауыншы, бақташы, жылқышы, тракторшы, жүргізуші, егінші, бағбан, шөпші, қоймашы және басқа мамандық иелері өз орындарын табады. Қалаларда үйсіз-күйсіз жүрген ауыл жастары ауылға қайта оралады. Ауылдарымыз бұрынғыдай сағынып, аңсап барар құт мекендерге айналады. Оралмандар есебінен де ауыл тұрғындарының саны өсіп, мектептерімізде балалар саны артып, мұғалімдерге жұмыс көбейеді. Болашағы жоқ деп жабылып жатқан ауылдардың өмірі қайта жандана-ды, ел тұрмысы оңалып жақсарады.

Сол себепті, жерді жеке адамдарға сату тоқтатылып, ол ортақ мемлекеттік меншік болып қала беруі керек. Оның игілігін бір адам ғана емес, ауылдың барша тұрғындары тең көруі тиіс.

Сайып келгенде, халық пен үкімет бір-біріне құлақ қойып, ынтымақтасып жұмыс істейік, сонда ғана тәуелсіздігіміз баянды болмақ. Жазушы Ғабдол Слановтың: ***«Ел деген – әрі сәби, әрі дана! Даналығынан үйренсек, сәбилігіне әкелік керек!»*** деген керемет өсиет сөзі бар.

Иә, халқымыздың даналығынан үйреніп, сәбилігіне әке бола білейік демекпін. Міне, үкімет құрып жатқан Келісім Комиссиясы кеңесіне осындай нақты ұсынысымыз бар.

Екінші ұсынысым, егер үкімет тарапынан қолдау болса, ұзын аққан Торғай өзені бойындағы ауылдарда қауымшарлар құрып ұйымдастыруға жоғарыда жазған тәжірибеммен бөлісіп, тікілей атсалысқым келеді. Президентіміз жақында өткізген облыстардың әкімдерімен болған үкіметтік жиналыста жер мәселесіне байланысты орынды, ұтымды ұсыныстарға назар аударып, қолдау көрсету керектігін қадап айтты. Ендеше мен жылдар бойы көтерін қолдау таппай келген бастамамның бағы ашылар кезі енді келген шығар деп үміттенемін.

Жұма-Назар СОМЖҮРЕК,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, бастамашыл, бұрынғы «Болашақ» агрофирмасының директоры

АЗАН ДАУСЫН АЗАЙТУ – ДІНИ РӘМІЗГЕ ҚАРСЫЛЫҚ, ДІН МИНИСТРІ МЫРЗА!

ҚАЛЕТАЕВ ҚАСИЕТТІ ДІНИ ҚАҒИДАМЫЗҒА ҚАРСЫ ШЫҒЫП, МҰСЫЛМАННЫҢ КҮНӘСІН КӨБЕЙТПЕК ПЕ?

Атам заманнан қалыптасқан АЗАН шақыру – яғни намазға, иманға шақыру Ислам дініміздің игі символы, қасиетті қағидалардың бірі, діни аса ізгі амал. Азанның діміздегі орны ерекше, өйткені Азан – негізгі ислам рәміздерінің бірі. Мұсылман баласы азан шақырылғанда оны ықыласпен тыңдап, азан сөздерін қайталауы керек. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Азанның дауысын естігенде азаншының сөздерін қайталаңдар...» деген.

Азан – (арабша (араб.: أذان) азана — хабарлау, құлақтандыру) — мұсылмандарды намазға шақыру. Ал шариғаттағы мағынасы – шариғат бекіткен арнайы сөздерді айтып, намаз уақытының кіргендігін құлақтандыру, хабарлау. Бес уақыт намаз бен жұма намазына азан шақыру ерлер үшін – бекітілген сүннет.

Алланың Елшісі (с.ғ.с) айтады: **«Азаншының дауысы жеткен жерге дейінгі күнәсі кешіріледі. Оған берілетін сауап онымен бірге намаз оқығандардың сауабымен теңеседі».** (Хадисті Абу Умамадан имам Табороні жеткізеді. Жамиғул сахих № 6519**)**. **«Азаншының дауысы үзілген жерге дейінгі күнәлары кешіріледі. Әрбір естіген жанды-жансыз заттардың барлығы ол үшін жарылқау тілейді».** (Хадисті ибн Умардан имам Ахмад жеткізеді. Мажмагул зауаид 326/1).

Ал Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі Дархан Қалетаев министр бола салысымен осы қасиетті діни қағидамызға қарсы шықты. Министрлік мешіттердегі азанның даусын азайтуға шешім шығарды.

«Министрлік азанның даусын азайту туралы қатаң тапсырма берді.

Мешіттегі азанның дыбыс ырғағы 70 децибелден асырылмауы қажет деп хабарлайды <u>ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне</u> сілтеме жасаған <u>NUR.KZ.</u>

Себеп – соңғы уақытта Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне мешіттердегі азанның дыбыс деңгейін реттеуге қатысты көптеген өтініштер келіп түскен-мыс.

«Осы тұрғыда Дін істері комитеті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен және облыстардың, Астана мен Алматы қалалары Дін істері жөніндегі басқармалармен бірлесіп, мешіттердегі азанның дыбыс деңгейін тұрғын үй және басқа үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды ұстауға және пайдалануға арналған санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестендіру мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде», *– деп жазылған хабарламада.*

Осындай қойылған талаптарға сай, ***тұрғын пәтерлеріне шудың ену нормалары сағат таңғы 7.00 ден түнгі 23.00-ге дейін 55-тен 70 дБА (децибел), ал, сағат 23.00 ден 7.00-ге дейін 45-тен 60 дБА (децибел) болуы қажет.***

Азан даусы – намазға шақыру, яғни имандылыққа шақыру. Азан шақырғанда шайтандар құйрығын бұтына қысып қаша жөнеледі дейді. Шайтанмен бірге барлық жамандық, бәле-жалалар бірге қашады. Яғни, АЗАН ДАУЫСЫ КІМДЕРГЕ ҰНАМАЙДЫ? – ШАЙТАНДАРҒА! Ал министрлік Азан даусын азайтып, шайтандарды көбейтіп отырғанын, яғни, жамандық шақырып отырғанын түсінеді ме? Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқандай, Азан шақырушының дауысы жеткен жерге дейін күнәсі кешірілсе, министр Қалетаев азанның дауысын азайту арқылы мұсылманның күнәсін көбейтіп отырғанын түсіне ме?

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жаңа төрағасы Серікбай қажы Ораздың да бас мүфти болғаны кеше ғана. Еліміздің Діни басқармасы бұндай кесепаттыққа қарсылық білдірудің орнына министрдің алдына түсіп алып шауып, барлық облыстағы діни басқармалар министрлік бұйрығын орындауға кірісіп кетті...

Яғни, жаңа министр Дархан Қалетаев пен жаңа бас мүфти Серікбай қажы Ораздың аттары діни дәстүрімізге қарсы шығуларымен қалайын деп отыр... Екеуінің он екі айдың сұлтаны – қасиетті Рамазан айындағы. ертеңгі Айт мерекесі қарсаңындағы Қазақ елі мұсылмандарына жасаған «сыйлығы» осы болып тұр...

Исламдағы ең қасиетті ізгі амалдардың бірі Азан шақыру бізге күніне бес мезгіл намаз уақытының кіргенін хабарлап, ғибадатымызды өз уақытында орындауға үндейді. **Азан шақырғанда бізге бес уақыт парызымызды орындауды еске түсірген Раббымыздың шақыртуы екенін ұғынамыз да, намазға асығамыз. Яғни, Азаншы Алла тағаланың шақыртуын жеткізуші. Ал шариғат бекіткен Алла тағаланың шақыртуына шамданып, қарсы шығушылардың талабын орындау арқылы Дін министрі мен мен хазірет мүфти Аллаға, Ислам дінінің негізгі рәмізіне қарсы шығып, өздерінің негізгі міндеттеріне қарсы жұмыс істеп отырған жоқ па?**

Бұл еліміздегі мұсылман қауымның қарсылығын айтпағанда, кезінде Ислам ынтымақтастық ұйымын басқарған Қазақстанның атына әлемдегі өзге мұсылман елдері айтар сын емес пе? Көрші туысқан түркі мемлекеттерінің алдында намыс емес пе?

Дін министрі Діни қағидаға қарсы шығып, Азан дауысымен алысқанша, түнгі клубтардың – жын ойнақтардың шуына қарсы шықпай ма?

Кеңес заманын айтпағанда, Тәуелсіз Қазақ Елінде 27 жыл бойы «азанға қарсылар» қалай ұйықтап келгенін кім айтып бере алады? Министр ме, мүфти ме?

Пайғамбарымыз (с.а.у): ***«Ассалату хайрум минән наум» (Намаз ұйқыдан артық) тек таң намазында ғана айтылады»,*** – деген.

Қайраткер емес, қайраткер түгілі салмақты саясаткер емес адам билікке келсе, кім көрінгеннің айтқанына еріп, айдауына жүріп кететіні белгілі жәйт. Сондықтан да, кейбір әкімдердің Ақ ордадан рұқсат берілсе де, ерігіп, көшеге шыққан екі-үш зейнеткердің қарсы болуына бола, елдің қолдауын таптап, Алаштың 100 жылдығында Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның атына Қарағандыдан көше бере алмай кеткені... Бұл халық тілегі әлі орындалған жоқ.

Азан дауысына қарсылар бұған дейін де бірен-саран болған. Бірақ Азанға қарсы аз ғана топтың тілегін орындаған билік болған жоқ еді... Бұрынғы және алғашқы дін министрі Нұрлан Ермекбаевты да алғашында тілге байланысты сынағанымызбен, дінге байланысты діттеген нақты іс-шараларын құптап, қолдап келген едік. Көп істемей ауысып кетуінің себебі – діни аланды теріс ағымдардан тазалауда көп істеп қойғандықтан емес пе екен деген әңгіме де босқа айтылмай жүр-ау деп ойлаймыз... Ал кезінде талай ұсыныстары күлкіге ұшыраған жаңа министр Қалетаевтың жамағатқа жағымсыз «жаңалығы» мұсылман қауымының орынды наразылығын тудырып отыр.

Ана бір жылы Алматы қаласын басқарып тұрғанда көрнекті саясаткер Иманғали Тасмағамбетовке әкімнің есеп беру жиналысында Республика сарайында бір орыс кемпірі: «Менің үйімнің қасындағы мешіт күніне бес рет азан шақырып, мазамды кетіреді» дегенде, Имекең қыннан қылыш суырып алғандай: **«Егер енді алты рет азан шақыратын болса, маған айтыңыз»** – деп сарт еткізді. Рахметін айта-айта кемпір кетті. Ел күлкіден қырылып қалды... Міне, нағыз ұлт қайраткері, саңлақ саясаткер!

Ал. белгілі саясаткер Ғалымжан Жақиянов болса, Павлодарда мешіт дауысына қарсылығын білдірген өзге ұлт өкіліне: «Мен сіз үшін Алланың үйін, қасиетті мешітті көшіре алмаймын. Азан дауысы ұнамаса, өзіңіз көшіп кетіңіз!» – деп кесіп айтып, нүкте қойғанын ел жақсы біледі.

Иманғали Тасмағамбетовтың Атырауда алып «Иман» мешітін салып, Ғалымжан Жақияновтың Керекуде керемет «Мәшһүр Жүсіп» мешітін тұрғызғанын ойласақ, ұлттық қаны бар қайраткерлердің асыл дініміздің ізгі амалдарын қорғауда зор қайрат көрсетуінің тамыры тереңде жатқанын ұғынамыз.

Біздің әлеуметтік желілерден түспейтін белсенді діни уағызшыларымыз ауыздарына құм толтырып алғандай үнсіз әзірше. Үндемеу – келіскендікті білдіретін болса, ертең олар Азанының даусы әлсіз мешіттегі жарым көңіл жамағаттың алдында қалай уағыз айтпақ?

Министрлік өтініш түссе болды, бәрін орындағыш болса, Азан дауысының азаюына біз де қарсымыз. Азан дауысына кімдер қарсы, қанша адам екен, жарияланыздар! Олардың Азан даусын азайтуына қарсы жүз есе, мың есе көп адам қарсы болатынына бәс тігемін.

Бұндай болса, көңілге шіркеу түсіретін шіркеу қоңырауына да қарсылығын айтып шығатындар аз емес...

Осыдан 7 жыл бұрын Ислам дінінің құдіретіне құлап, <u>«Мінәжат»</u> деген жыр жазып едім. Соның Азан шақырудың ізгілігін жырлаған шумақтары ойыма оралып отыр:

Табындырып әр діндік дарындарды,
Қабылдады барлығы нанымды алғы.
Ләә иләәһә илләллааһ – арым мәңгі!
Тау мен тасқа соғылған маңдайыммен,
Жайнамазға жығылып жаным қалды!..
Ләә иләәһә илләллааһ – арым мәңгі!

Әуейі боп кетпегін әр елеске,
Намаз ғана Тәубеңді салады еске...
Тұла бойға тұнатын шымырлатып,
Азан даусы – ең ұлы ән емес пе?!..
Бар Ақиқат осында бар емес пе?!..

Алла десең жақсылық несіп болар,
Намаз сайын рухың өсіп қалар.
Алла нұрын себелер адамзатқа,
Қасиетті Мекке мен мешітке бар!
Көктен түскен киелі есіт хабар!

Мен осы мақаланы жазып болғанда, мешіттен Құдайдан жеткен Құдіретті Азан дауысы естілді де, таң намазын оқуға кірістім...

Қазыбек ИСА
qazaquni.kz

■ МӘСЕЛЕ

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ ҚАУПІ ТӨНІП ТҰР

Табиғат-Ананың тосын мінезіне ешкім де шектеу қоя алмасы анық. Биыл еліміздің Оңтүстік Қазақстан аумағындағы шөлейтті аудандарында көктем шығар кезде түйір тамшы жаңбыр жаумағандықтан жерге шөп шықпай қалды. Әрине, құрғақшылық өздерінің аздаған малы бар шаруаларды уайымға салып отырғаны. Әсіресе, Шардара, Отырар, Түркістан аудандары мен Арыс қаласына қарасты жайылымдарда тып-типыл болып тұр. Ертеңгі аптап ыстықта көлеңкелер шөп таппасын білген торғай екеш торғай ел асып жоғалуда.

Шаруа қожалық иелері тау бөктеріндегі елдерден араға ағайын-жегжат, құдаларын салып мал жайылым іздеумен сабылып жүр. Тапқандары айтқан бағаларына келісіп, таппағандары қолдарындағысын сатайын десе көтерем малдарын ешкім алмай бастары қатуда. Әлі алдарында толықтай жаз айлары, онан кейін келер күз де бар. Алдағы жылдың қысы қалай болмақ? Қысқасы, шаруадан ұйқы кетті.

Облыстық, аудандық мал шаруашылығына қатысы бар шенеуіктерге айтқаннан не, айтпағаннан не пайда «жекеменшіктерің» дейді болса да. Иә, мал шаруашылық еңбеккерлері ең төменгі сатыға қойылған. Қоғамнан тыс қалған пенделер сияқты.

Тамақ өнеркәсібіне лайықты үлес қосып отырған еңбеккерлер көбіне атаусыз қалып жатады. Субцидия да алалап беріледі. Мал шаруашылығына берілер мұндай көмектер облыс деңгейінен ары асуы да екіталай. Ветеренария жұмысы да жүрдім-бардым. Жылына екі үш рет малға салынатын вакцинадан соң сол ветеринарларды табу да қиынның қиыны. Сөйтіп шаруалар ауырып қалған малдарын көрсету үшін сол ветеринар дәрігерлерге жалынады да жүреді.

«Бәрін айт та бірін айт» дегендей, Тәуелсіздік алғалы бері Үкіметке алақан жаймай, мал санын өз төлдерінен аз-аздан көбейтіп отырған шаруаларға биылғы жыл үлкен сынаққа айналуда. Осыны байқаған саудагерлер кебектің құнын бірден аспандатып жіберді. Тіпті, кебек келісінің бағасы бидай бағасынан да асып түсуде.

Ауылшаруашылық министрлігі жоғарыда аты аталған аудандар шаруаларының жағдайын ескеріп, ұн шығарар үлкен концерндерден өз бағасына ұннан қалар қалдық-кебек концентратын өз бағасынан асырмай беріп жатса құба-құп болар еді. Ал мұны жергілікті ауыл шаруашылық бөлімдері қадағалап отырар болса келесі жылға дейін амалдар шаруа қожалықтары ары қарай өз «пешенелерінен» көріп, Үкіметке сенімдері де арта түсер еді.

Әуелхан ШОНЖАН,
Арыс қаласы,
Оңтүстік Қазақстан облысы

№24 (790), 18 маусым, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Қолымнан келер ескерткішім осы болды, Қайратжан!

Автор.

Ақын інім әрі досым туралы бірнеше жылдан бері қанша оқталғанмен, қолыма қалам алғанда «Қайрат ӘЛІМБЕК...» деген аты-жөнін жазғаннан әрі аса алмай-ақ қойғаным бар. Әншейінде таңды көз ілмей атырсам да қандай жұмысты болсын шындап кіріскенде еңсеріп тастайтын мен тұйыққа мықтап тірелгенімді сездім. Неге екенін, әйтеуір жаза алмай қатты қиналдым. Бәрі де санамда сайрап тұрғанмен қол жүрмейді. Қайратпен бірге болған, бірге қызмет істеген көптеген күндердің көрінісі көз алдымда тізбектеліп өтіп жатса да бір нәрсе жетіспейтіндей, аса қажет, аса бағалы затымды жоғалтып алғандай көңілім алаңдап, әлденені аласұра іздегендей. Соны таппай ештеңе өндіре алмайтын сияқтымын. Қаламды қоя салып, өткен күндер елесінің соңынан еріксіз еріп жүре беремін. Ақыры, араға жылдар салғанда жоғалтқанымды, мені мазалаған сұрағымның жауабын тапқандай болдым. Сөйтсем, жетіспей тұрғаны – Қайраттың тұп-тура өзі екен.

Көңіліне

(«Менің замандастарым» топтамасынан)

Ақылдылықты аңғартатын кең, жазық маңдайы мен мейірімге толы, ашық-жарқын ақ жүзі қайдан ұмытыла қойсын?! Ол әлі де алшаң басып, сәлем беріп, біздің үйге әдетінше емін-еркін кіріп келетіндей көрінеді де тұрады. Сол әдеттегідей, «Алтын жеңешем» деп жеңгесінің шай-пайын ішіп, әрқайсымызға бір-екі шумақтан өлең шығарып, бәрімізді риза етіп кететіндей. Күнделікті қарабайыр тіршіліктің қамауында қалған біздерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, шат-шадыман етер еді. Әрине, енді ол мүмкін емес, қимас көңіл ғана соны тілеп, соны аңсайды. Оның бұл өмірдегі ойсырап қалған орнын менің жазған шимайымның толтыра алмасын түсінсем де «Қайтсең де жазуың керек. Бұл Қайраттың алдындағы ағалық парызың!» деп өзімді өзім қайрап, қайта-қайта қамшылауға тура келді. Сондағы бар-жоғы – ештеңе алып-қоспай-ақ, шынайы болған жағдайлар мен бірге өткізген күндерден қалған естеліктерді баяндап шығу ғана. Өмір бақи қалам ұстап жүрсең де кейде жазудың өзі қиынға түседі екен. Жазуды айтасыз, Қайраттың бейнесі көз алдыма келгенде ол тап қарсы алдымда отырғандай іштей күбірлеп, онымен дәп бұрынғыдай әңгіме-дүкен құрып кететіндеймін...

Қайраттың ғарыштық ғұмырға қанат қаққанына да бірталай уақыт өте шығыпты. Ауылда жерленген анасының басына құлпытас орнатып келе жатқанда жол апатына түсіп мезгілсіз қайтыс болғаннан бері де қаншама көктем келіп, қаншама күзгі жапырақтар сарғайып, саудырап төгілді. Бірақ, оның жарқын бейнесі көңілден, өзіне ғана тән сәл бәсеңдеу шығатын жағымды дауысы құлақтан кеткен емес. Биыл қыркүйек айында бала-шағасын, туған-туысқандарын, дос-жарандарын зар жылатқан сол бір қаралы күнге де табаны күректей тұп-тура он екі жыл толады екен. Былай қарасаңыз адамның бір мүшел жасы. Одан бері де өмірлік жары Қуанышгүл Сұлтанқызы көп ұзамай Қайратттың соңынан мәңгілік сапарға аттанды. Артында қалған ұлдары Дәулеткелді мен Алданазар ер жетіп, азамат болды.

«Өмірдің өзі ағыс қой... тоқтаусыз ағыс!
Білмейміз оны... Бүгін де, кеше де күлдік.
Кетпейді бәрі адамның жоқтаусыз алыс,
Сұралар бір күн, өйткені өше ме тірлік?!»

– деп алғашқы балаң жырларында жазғанындай, өмір-өзен өз арнасымен бірде қуаныш пен шаттық әнін шырқап, бірде қайғылы да мұңды күйін шертіп тынымсыз, тоқтаусыз ағып жатыр. Он екі жыл деген де аз емес, одан бері де қаншама тарихқа, көптеген өзгерістерге куә болдық. Ал, ақын аты өшпейді, жоқтаусыз қалмайды, өйткені оның өмірін жырлары жалғастырады...

«АҚШАМНЫҢ» АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ

Қоғам өмірінде баспасөздің алар орны мен идеологиялық рөлі ерекше зор екені баршаға мәлім. Кеңестік кезеңде Қазақстан бойынша республикалық «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас алаш»), «Қазақстан пионері» («Ұлан») газеттері мен санаулы журналдарды есептемегенде әр облыстың, аудандардың өздерінің бір-бір мерзімді басылымдары ғана болатын. Көптеген аудандық газеттер тек қана орыс тілінде ғана шығатын. Олардың бәрі сол кездегі жеке-дара билік жасаған коммунистік партияның қатаң бақылауында жұмыс істеді. Барлық басылымдар партияның нұсқауымен жіті тексеруінен өтуге тиісті еді. Одан өтпесе газет жарық көрмейтін. Демек, сөз бостандығына белгілі бір өлшемде шектеу қойылатын.

Бір ғана мысал, еліміздің астанасы болып тұрған Алматыда қалалық «Вечерняя Алма-Ата» газеті өткен ғасырдың алпыс сегізінші жылдарынан тұрақты шығып тұрса да, қазақшасы болған емес. Ол тек қана тәуелсіздік алардың алдында ғана «Вечерканың» аудармасы ретінде жарық көріп, кейін жеке шаңырақ көтерді. Сөйтіп миллионнан аса тұрғыны бар қалада өз тілімізде «Алматы ақшамы» газеті шыға бастады. «Ақшамның» алғашқы бас редакторлығына белгілі журналист Ислам Бейсебаев тағайындалып, оның орынбасары Бақытжан Жиенбаев болды. Редакцияға Қайрат Әлімбек, Қанат Қайымов, Ертай Бекқұлов, Марат Тұрапов, Жүніс Омаров, Қадірбек Құнпияұлы, Жексен Алпар, Махамбет Мәшекенов, Мұхтар Наушабаев, Раушан Имашева, Сарқыт Ысқақова сияқты бірқатар қаламы жүйрік тәжірибелі журналистер тартылып, газет алғашқы күнінен-ақ оқырмандардың назарына ілігіп, ықыласына бөленді. Қала тіршілігін, елімізде болып жатқан елеулі өзгерістерді жан-жақты көрсете білген басылым тіпті республикамыздың өзге да өңірлеріне таралды. Сол кездерде жоғарыда аты аталған қаламгерлер көтерген «Ақшамның» туы әлі төмендеген емес, қадаған уықтары берік болып, шаңырағы бүгіндер биіктей түсті.

Бұл еркіндікке ұмтылған ұлт үшін, әсіресе алматылықтар үшін үлкен жеңіс еді. Осы тұста қазақ тіліндегі өзге де тәуелсіз газеттер шыға бастады. Бұрындар журналистер Алматыда жұмыс таба алмай жүрсе, дәп осы кезде қазақ тілінде газет-журналдардың жаппай ашылуына байланысты мамандар жетіспей жатты. Мұндай маман тапшылығы бұрын-соңды дәп Алматыда болып көрген емес-ті. Оқу бітірген кез келген жас Алматыда қалуға қуана келісер еді. Бірақ университеттің жолдамасымен аймақтарға барған соң екі жыл міндетті түрде қызмет ету керек-ті. Оның да өзіндік ұтымды тұстары бар, жас маман ретінде бірінші кезекте баспанамен қамтамасыз етуге тиісті болатын. Соған қарамастан заңды бұзып, жіберген басылымдардан қашып Алматыға кері қайтатындар да кездесетін. Кеңестік кезеңде еліміздегі жарық көретін басылымдардың саны тұрақты сақталғандықтан жылына қанша журналист дайындау керектігі алдын ала белгілі-ді. Қазақ мемлекеттік университетіндегі еліміз бойынша жалғыз журналистика факультеті жылына қазақ тілді 50 журналисті жолдамамен облыстық, аудандық газет редакцияларына жіберетін. Олар көбінесе партияның саясатын насихаттаумен айналысатын-ды. Бүгінгі жағдай мүлдем басқа, өткендегімен салыстыруға келмейді. Қазір журналист мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындары жеткілікті. Қазақ тіліндегі телеарналар мен басылымдар көбейіп, ғаламторда түрлі сайттар пайда болды. Керек болса әркім өзіне жеке парақша ашып алып, пікірлерін ашық жаза алады.

Пәтер алу үшін жұмысшы болып, менің журналистикаға қайта оралуым «Ақшамның» ашылу кезеңіне дөп келді. Сырттай бір-бірімізді бұрыннан білгенмен Қайратпен осы кезде таныстым. Аптасына бес рет шығатын үлкен пішіндегі газетті күнделікті материалдармен толтыру да оңай емес-ті. Қазіргідей компьютер, интернет деген атымен жоқ. Тіпті мақаланы басатын машинка да тапшы болатын. Сондықтан қолмен жазып, терімші қыздар машинкамен басатын. Жазғанынды түзетіп, қайта көшіруге уақыт көп кетеді. Ортамызда Қайрат қана қолмен жазып әуре болмайтын. Жазар негізгі ойы мен тақырыпшаларын қысқа ғана бір-екі сөзбен қағазға түртіп алатын да машинистканың қасына отырып алып тікелей «диктовка» жасайтын. Онысы біздің жазып, қайта-қайта түзетіп, өңдеп әкелген материалымыздан бір де кем түспейтін, тіпті артық шығатын-ды. Бұл оның, журналистің басты қаруы – сөйлем құрау шеберлігін еркін, жетік меңгергенін, ойлау өрісінің өзгелерден кең екенін көрсетсе керек. Оның осы қабілетіне бәріміз қызыға қараушы едік.

«Болашаққа жасайтын хабарлама,
Бар қаруым – өткір ой, қалам ғана» –

деген екен бір өлеңінде Қайраттың өзі де. Журналистік шеберлігіне қоса ақындығы да оны ерекшелендіріп, бәрімізден бір саты жоғары тұратын.

«ТІЛ ДЕГЕНІМ – ХАЛҚЫМНЫҢ ҒАЖАПТЫҒЫ»

Кеңестік кезеңнің күйрер кезі еліміздің тарихында елеулі із қалдырды. Бір ғана Желтоқсан көтерілісінің өзі қазақ халқының ғасырлар бойы еңсесін езген бодандыққа ашық, талапты түрде қарсы шыққан, әлемнің алып күшіне айналған қызыл империяға оның құрамындағы жүздеген ұлттар мен ұлыстардың ішінен алғаш болып бас көтерген айбынды Алаш екенімізді анық көрсетті. Сол жылдарда ұмыт қалған ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту, ана тіліміздің көкжиегін кеңейтуге баса назар аударылып, ауқымды жұмыстар атқарыла бастады. Ұлтшылдықтың белгісі деп біржола басып тасталған Наурыз мерекесі жаппай тойланып, жер-жерлерде «Қазақ тілі қоғамдары» құрылып, белсенді түрде жұмыс істей бастады. Жай ғана жұмыс емес, тәуелсіздікке, еркіндікке ұмтылған халықтың ынтасы мен жігерінде шек жоқ еді. Қазақтың бетке ұстар ақыны Мұхтар Шаханов ағамыз бас болып ақын-жазушылар мен журналистер пікірлерін ашық айтып, алғаш рет ұлт мүддесін батыл түрде алға тарта бастады. Өкінішке орай, сол қызу қарқын қазір бәсеңсіп, екпінін жоғалтып алған секілді. «Егемендікті алдық, енді бізге ештеңенің керегі жоқ» дегендей тоқмейілсуге тап болған жағдайымыз бар қазір.

Ол кездер Алматы қаласында ірі кәсіпорындар көп болатын. Зауыт-фабрикалар мен құрылыс алаңдарында сан мыңдаған адамдар еңбек ететін. Қала тұрғындарының басым бөлігін орыс және өзге ұлттар құрағаны да жасырын емес. Жергілікті ұлт көбіне ауылдарды мекендегені белгілі. Сол себепті алып қалада ұлттық салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғырту мен қазақ тілін кең қолданысқа енгізу көптеген қарсылықтарға тап болды. Соған қарамастан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл бағытта қыруар жұмыс атқарылды. Алып кәсіпорындардың бәрінде «Қазақ тілі» қоғамдары ашылды. Оны қазақ басылымдары жарыса жазып, қызу қолдау көрсетті. «Ақшамның» әдебиет және мәдениет бөлімінің меңгерушісі Қайрат Әлімбек пен әдеби қызметкері ақын Қадірбек Құнпияұлы әр нөмір сайын ол туралы тұрақты жазып, кездескен қарсылықтарды сынға алумен болды. Әрбір ашылған «Қазақ тілі» қоғамы үшін Қайраттың қуанышында шек болмайтын, ол туралы үлкен шабытпен жазатын. Кездескен кедергілерге кәдімгідей күйіп-пісіп, бұлқан-талқан болып, өзіне орын таппай қалушы еді.

Дәп сол кездерде белгілі ақын Жүрсін Ерманның жанын салып ұйымдастыруымен ақындар айтысы қайта жаңғырып, халықтың еңсесін көтергені, ұлттың ұлы мерекесіне айналғаны әлі ұмытыла қойған жоқ. Айтыс кешке басталып, үзіліссіз түн ортасы ауғанша жалғасатын. Алып Республика сарайының өзі көрермендерді сыйғыза алмаушы еді. Қайрат пен Қадірбек айтыс туралы көлемі газеттің екі-үш бетіне жететін материалдарды таң атқанша жазып, күндіз беттелген «Ақшам» кешкісін кешікпей қалың оқырмандардың қолына тиіп жататын. Бұл нағыз журналистік ұшқырлық пен қаламгерлік шеберлік болатын. Қазақ тілінің жолындағы қандай кедергіні болсын бұзып өтуге Қайрат қашан да дайын тұратын.

Тіл дегенім – ойымның азаттығы,
Тіл дегенім – халқымның ғажаптығы.
Баласынан айырылған анадай боп,
Аңырадың қанша жыл, Қазақ тілім! –

деп жазған екен сол кездер Қайрат тіл туралы бір толғанысында. Ақынның өз ұлты мен ана тілін жанындай жақсы көргенін осы бір өлеңнен-ақ аңғарасыз. Бүгіндер байыппен қарасақ, Қайрат үшін туған халқы, туған жері, туған тілі шығармашылығының шынайы өзегі, нәр алған түп-тамыры болған екен. Оған ақынның жыр кітаптарын парақтап отырып, қиналмай көз жеткізуге болады.

№24 (790), 18 маусым, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ҚОНДЫРЫП бар қазақты...

АНЫҚТАМА

Қайрат Әбдірамағұлы ӘЛІМБЕК (16.6.1963-23.09.2006) журналист, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1996), Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты (1994). 1985 жылы Қазақ ұлттық университетін бітірді. 1985-87 жылдары Қаратал ауданы газетінде, 1987-97 жылдары республикалық «Арай-Заря» журналында, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Алматы ақшамы». «Дала дидары», «Өркен-Горизонт» газеттерінде жауапты қызметтер атқарды. 1997-98 жылдар «Қазақ әдебиеті» газетінде, Қазақ радиосы бас редакторының орынбасары, 1999 жылдан «Жетісу» газетінде бөлім меңгерушісі, «Көзқарас-Позиция» газеті бас редакторының орынбасары қызметтерінде болды. Қалың оқырмандардың зор ықыласы мен әдебиет сыншыларының жоғары бағасына ие болған «Сөзімнің гүлі» (1989), «Жоқ іздеген жігітпін» (1994), «Намыс найзагері» (2000), «Махаббатстан» (2003) жыр жинақтарының авторы.

ҚАЙРАТТЫҢ КИЕЛІ САНЫ – «АЛТЫ» БОЛАТЫН

Тегінде, біз қазақ – ырымшыл халықпыз ғой. Ырым етуден жер бетіндегі көптеген ұлттарды орта жолда қалдыратынымыз да белгілі. «Қазақ ырым етеді, ырымы – қырын кетеді» деп өзімізді әжуалап та жататынымыз бар. Дегенмен, атадан балаға жеткен бұл үрдістің қанымызда бар екенін мойындауымыз керек. Оның еш әбестігі жоқ, өмірлік тәжірибе кейде ырымның айна-қатесіз орындалатынын, дұрыстығын да дәлелдеп келеді емес пе?

Айтайын дегенім, Қайрат алты санын өзі үшін киелі, құтты санайтын. Алдымен өзінің туған күні, айы, жылында алты сандарының (16-06-1963) барын айтатын. Оқуға түскенде, кейін оқу барысындағы емтихандарда алты саны бар билеттер келгенде үнемі жоғары баға алып келгенін, алты саны бар күндері қай жұмысты қолына алмасын сәтті аяқталатынын алға тартатын. Бұл туралы бірге оқыған курстастары да білетін болар. Курстастар демекші, Қайраттың ақын, азамат болып қалыптасуына университет, ондағы ұстаздары мен курстас достарының ықпалы болғаны анық. Бұл байырғы оқу орнының журналистика факультеті қаншама білікті мамандар дайындап шығарды. Олардың алды бүкіл елімізге танымал тұлғалар. Сол 1985 жылдың ғана өзінде Қайратпен бірге оқу бітірген түлектерден Сұлтанәділ Қанатбаев, Бауыржан Жақып, Аязби Бейсенқұлов, Ермұрат Бапи, Ұлан Оспанов, Бейбіт Исабаев, Төрехан Данияр, Мұратбек Оспанов, Кенже Жұмағұлов секілді елімізге белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар шықты. Олар сонау студенттік шақтан бірге оқып, бірге ізденіп, бір-бірін тәрбиеледі десек артық емес. Өскен, тәрбиеленген, оқыған орта кімнің де болса болашағына әсер етерін ешкім жоққа шығара алмас.

Жанұямызбен аралас-құралас болғандықтан Қайрат бізді үнемі жақын тартып жүретін. Менің үй тіршілігі мен кейбір мәселелі жұмыстарды шешуге қырымның жоқтығынан әйелім Әділет Қайратқа қолқа салатыны бар-ды. Біреудің алдына барып өтініш айтуға келгенде бетмоншағым үзіліп, кері тартып тұратынымды жақсы білетін Қайрат та жеңешесінің айтқанын тап-тұйнақтай етіп, өзі-ақ бітіріп беретін кездері болды. Қолынан келген көмегін Қайрат ешкімнен аяп қалмайтын.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардың ортасы халыққа тым жайсыз болғаны белгілі. Егемендікке енді қол жеткізген еліміз бұрынғы одақ бойынша қалыптасқан экономикалық байланыстардың бұзылуына орай тоқырауға тап болып, тіпті зейнеткерлердің зейнетақысын беретін де қаржы болмай қиналғаны ұмытыла қойған жоқ. Жаппай жұмыссыздық жайлап, соған орай қылмыс атаулы да өршіп кетті емес пе. Сол кездерде университет бітіріп, қызмет таба алмай жүрген балдызыма жұмыс тауып бергені бар. Жеңешесінен тапсырма алысымен «Жүр кеттік!» деген Қайрат мені сүйрей жөнелді. «Құдайдың күні жетеді, ертең барсақ та болады ғой» – дегеніме қарайтын емес. «Бүгін 26-сы, алты саны бар күні жолымыз болады» – деп сендірді. Айтқанындай -ақ, сол күні мәселені шешіп берді. Мен ойлағандай мектепке емес, жоғары оқу орындарының біріне мамандығы бойынша балдызым қызметке қабылданды. Бір таңғалғаным, Қайрат сол факультет басшыларын бұрындар танымайды да екен. Оның кез-келген адаммен тіл табыса алатын қабілеті жоғары болатын. Кішіні кемсітпей, үлкеннің алдында жалтақтамай тең сөйлесетінін редакция тапсырмасымен сұхбат алуға бірге барғанымызда талай көргенмін. Сол жолы алты саны Қайрат үшін шынымен де киелі екеніне көз жеткізгендей болдым. Бірақ, осы күні маған үнемі жолын ашып отыратын сол киелі алты санының тура өзі Қайратты алып кеткендей көрініп тұратыны бар. 2006-жылы Қайраттан көз жазып қалдық. Бұдан кейін данышпан қазақтың ырымына сенбей көріңіз...

КӨКЕЙІНДЕ ҚАЛЫП ҚОЙДЫ КӨП ҮНІ

Қайратпен қатар жүргенде мен өзімнің одан бақандай он жас үлкендігімді де ұмытып кететінмін. Алдымен сырлас дос, қатарлас қаламдас деп қана білетінмін. Бірақ Қайрат бұл жас айырмашылығын ешқашан есінен шығарып көрген емес. Іні ретінде үлкенге ізет көрсету жағынан жаңылысқан жері болмапты. Сол кездегі сәнге айналғандай бірге тойлатып жүргенде де ол жағын ойынан әсте шығармайтын. Бүгіндер қарап отырсам, ол да Құдайдың оның бойына берген, Қайраттың қанында қалыптасқан, туа біткен адамгершіліктің, тектіліктің белгісі екен ғой.

Қайраттың ақындардың жыр мүшәйрасына қатысқаны болмаса, айтыс додасына түскенін көрген емеспін. Бірақ өлеңді аяқ астынан ұйқастырып жіберетін суырыпсалма қабілетіне талай рет куә болғанмын. Қоғамдық көлікте, көшеде келе жатып әріптестерімен жыр жарыстыратын әдеті бар-ды. Қойын дәптеріне түртіп алып, өлең жазылған парақты жыртып алып сыйға тартып жүре беретін. Қазір ойлап отырсам осылай жазылған өлеңдерінің бірқатары оны білетіндердің біразынан табылып қалатын шығар. Редакцияның жұмысы қанша жерден қауырт болғанмен Қайрат бір-екі шумақ өлеңді өзі бастап беріп, жыр-дәптерді бөлімдерге жағалатып жіберетін. Журналистердің біразы өлең жазады, дәптер Қайратқа қайтып оралғанда өзіндік бір поэмаға айналып шыға келетін.

... Алған үйі, айлығы, есер лебі,
Асырайтын, асқар-тын осы елдегі.
Зейноллажан зейінді бір сөз айтты:
– Көшкім келді...
бір жаққа көшем! – деді.

Кейінгілер бұрыннан айлалырақ,
Көшіп кеткен ауыл көп,
жай қаңырап...
Тарпаң-тағдыр,
сен көшсең – көңілге көш,
Мен де көшкім келеді...
қайда бірақ?
(Қазақ әдебиеті, 17-01-1998 ж.)

Маған арнаған «Тарпаңға тарту» атты осы бір өлеңнен үзіндіні өзімді жарнамалау үшін жария етіп отырған жоқпын. Рас, бұл өлеңді ондаған, бәлкім жүздеген рет қайтара оқыған болармын. Жаңылыспасам, бұл осыншама жасқа келсем де өзіме арналған жалғыз өлең, біреу түн жарымында түртіп оятса да жатқа айтып бере аламын. Қанша қайтара оқысам да бір нәрсеге көңіл аударматпын. Оны кейін байқадым. Өлеңге қатысты айтайын дегенім де сол еді.

...Тарпаң-тағдыр,
сен көшсең - көңілге көш,
Мен де көшкім келеді...
қайда бірақ?

– деген соңғы жолдары маған кейін барып ой салды. Қалай ғана бұрындар байқамағанмын...

Ақынжанды адамдарға кең-байтақ дүниенің өзі кейде тым тар, соған сыймай жүретін сәттері жиі кездеседі. Шабытты шақтарда тіпті мына шексіз әлемді өзінің бір құшағына да сыйдырып жібереді жаны жақсылыққа жаралған жайсаңдар. Қайраттың да жаздай жаймашуақ мінезі кейде, сирек те болса теңіздей буырқанып шыға келетін кездерін көргенмін. Бірде асаудай арындаған, бірде өлең өртінде жалындаған Қайрат та мына әлемге сыймай аласұрған екен ғой деймін өлеңнің соңғы жолдарын қайта-қайта оқи отырып. Көкейдегі күйігімді қалт жібермей қағып алып, өлеңмен өріп, өзінің де көңіл-күйін қағазға дөп түсіріп, жан дүниесінің мына жарық әлемге сыймай, бір жаққа көшкісі келетінін айтып түйіндеген екен ғой... Енді міне көз жеткізіп отырғанымыздай онысы – бақилық ғұмыр болып шықты. Өкініштісі – өмірден тым ерте көшті. Небары қырық үш жастағы жалындаған ақын өмірін жол апаты жалмап кетті. Көзі тірі болса осы маусым айының 16 күні 55 жасқа толар еді. Ол бізге жыр сыйлап, біз оған гүл сыйлап мәре-сәре боп жатар едік қой. Жалған дүние-ай, қатал тағдыр кімді аяған...

«Кете ме деп түс болып өңімдегім,
Көкейімде қап қойды көп үндерім...»

– деп Қайраттың өзі айтқандай, қаншама маржан жырлар жазылмай қалды десеңізші. Жазмышқа дауа бар ма, жанындай жақсы көретін бар қазағын көңіліне қондырып алып, келместің көшіне ілесіп кете барды...

Зейнолла АБАЖАН

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН ПӘНДЕРДІ ОҚУШЫЛАР ӨЗДЕРІ ТАҢДАЙДЫ

«Қазақстан мектептері қанша пәнді ағылшын тілінде оқытатынын өздері таңдайды», – деп мәлімдеді ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев. Депутат Жамилә Нұрмамбетованың сөзіне сенсек, төрт пәнді ағылшын тілінде оқыту үшін шамамен 32 мың мұғалім қажет екен. Ал бүгінгі күнге дейін арнайы дайындықтан тек 11,5 мың мұғалім өткен.

«Үкімет есебіндегі деректерге сәйкес, ағылшын тілінде оқытқаны үшін тек 725 мұғалім ғана тиісті үстемеақы алса, демек, 725 мұғалім ғана толыққанды ағылшын тілінде білім бере алады. Бұл жалпы қажеттіліктің 2% ғана құрайды. Арнайы оқытылған мұғалімдердің 1370-і терминдерді ғана үйретсе, қалғандары мүлдем сабақ бермейді. Мұндай қарқынмен бір жыл емес, екі немесе үш жыл қажет. Сонымен бірге, Президент Жолдауында 2019 жылдан бастап, 10-11 сыныптарда кейбір пәндер ағылшын тілінде беріледі деп жазылған. Осыған орай, Ел басшысы қойған тапсырманы қалай жүзеге асыратыныңызды білгім келеді», – деп Білім және ғылым министріне сұрақ қойды Жамилә Нұрмамбетова.

Еске салсақ, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Бүгінгідей жаһандану заманында көп тілді игерген адамның қоғамдағы алар орны да ерекше екені белгілі. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Өз кезегінде Ерлан Сағадиев министрлік бұл мәселеде өз ұстанымын өзгерткенін мәлім етті. Мәселен, мектептер ағылшын тілінде қанша пәнді оқытқысы келетінін өздері таңдай алады. «Қазір министрліктің стратегиясы өзгерді, мектепте сынып пен олардың ата-аналарының тілектеріне байланысты 1-ден 4-ке дейінгі пәндерді ағылшын тілінде оқытуға таңдау құқығы беріледі. Бұл оқытушылармен ғана емес, халықтың да таңдау құқығын сұрауымен тікелей байланысты», – деді министр. Оның айтуынша, биыл алғашқы 12 мыңға жуық мұғалім ағылшын тілінде сабақ беру курсын аяқтаған. Министр екі мың мұғалімнің сабақ беруге кірісіп кеткенін, бірақ үстемеақының бәріне төленбегенін атап өтті. «Қыркүйек айынан бастап, тағы 2 мың мұғалім ағылшын тілінде сабақ беруге ниет білдірді. 8300 мұғалім B2 деңгейіне жету үшін оқуды жалғастырады. Бұл деңгейге жетпейінше, мұғалімді сабақ беруге жібере алмаймыз. Қосымша, педагогикалық факультеттердің 6 мың түлегі бакалавриат және магистратура деңгейінде ағылшын тілінде сабақ беруді үйреніп жүр. Сондықтан, екі жылда бұл тапсырманы орындаймыз деп айта алмаймын. 3-4 жылдан кейін барлық мектептер ең кемі – бір пәнді немесе 4 пәнді ағылшын тілінде оқытуға көше алады», – деп түйіндеді сөзін министр.

Мектеп табалдырығынан бастап жоғары оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Сонымен қатар, ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуімен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды екенін ұмытпағанымыз жөн. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшантеңіз. Туған тілінді білу тиісті емес, әрбір адамның міндеті. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліннің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру де артық етпейді.

Шолпан ҚОРҒАНБАЕВА
«Б.Тамабаев атындағы орта мектебінің» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

ҚР Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі ұлттық бюроның Астана қаласы бойынша департаменті үлкен басшылардың парамен ұсталғанын жариялады.

Департамент басшысы Шыңғыс Қабдоланың айтуы бойынша, соңғы төрт айдың ішінде қала бойынша 4 млрд. теңгенің заң бұзушылықтары анықталды. Барлық ақша бюджетке қайтарылды. «Қазір 32 адам жауапқа тартылып отыр. Олардың ішінде 15 тұлға – мемлекеттік органдардың бірінші басшылары. Бесеуі республикалық мекемені басқарған. Бұл тек Астана бойынша ғана. Бұның барлығын бұқаралық ақпарат құралдарында да көрсетіп жатыр. Квазимемлекеттік секторда жұмыс істейтін үлкен басшылар ұсталды. Мен осы жерге келердің алдында білдім. Ол басшылар ірі көлемде пара алған», – деді Ш.Қабдолла Астанада өткен жиында.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ҰЛҒАЙДЫ

Келесі жылы Қазақстанда мемлекеттік қызметшілер жалақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізілмек. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев айтты.

«Бүгінде біз еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін апробациялап жатырмыз. Факторлық-балдық шкала негізіндегі бұл жүйе пилоттық органдардағы лауазымдық жалақыны екі есеге дейін көбейтуге мүмкіндік береді. Келесі жылы біздің бастамамыз, яғни пилоттық жобамыз аяқталады. Сәйкесінше, Қазақстанның барлық мемлекеттік қызметшілерінің жалақысы көбейеді», – деді Алик Шпекбаев Астанада мемлекеттік қызметті жетілдіруге арналған халықаралық конференцияда. Агенттік төрағасы жалақы төлеудің жаңа талаптары туралы айта кетті, материалдық-әлеуметтік қамсыздандырудың сыбайлас жемқорлықты азайтуға септігін тигізетінін тілге тиек етті. «Бұдан былай еңбекақы көлемі жұмыс сипатына және күрделілігіне, тиімділіктің нақты көрсеткіштеріне қол жеткізуге тікелей байланысты болады. Әрине, материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Осыған байланысты агенттік орталық аппараттағы штат санының үштен бір бөлігін қысқартты, бұл арқылы қызметкерлердің жалақысын 60% дейін көбейттік», – деп түйіндеді сөзін Алик Шпекбаев.

Дайындаған Қуат ҚҰМАРОВ

■ КӨЗҚАРАС

ШЫҢҒЫС ХАН ҚАҒАНАТЫ ҚАЙ ДІНДЕ БОЛДЫ?

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Бұдан кейінгі кезеңнің Шыңғыс хан шапқыншылығына ұласқаны, ол бүкіл Евразия құрлығын түбегейлі өзгерістерге ұшыратқаны тарихтан белгілі. Осы шешуші кезеңде Иасауий шайхтары Шыңғыс хан жағында болды. Оған дәлел ретінде Қожа Ахмет Йасауи шәкірті Мұхаммед Данышманд Зарнуқидың Шыңғыс хан кеңесшісі болғанын, өзінің туған қаласы Зарнуқты Шыңғыс хан әскеріне қарсыласпай берілуге көндіргенін айтуға болады. Шыңғыс хан ол қалаға «Құтлығ балығ» деп, ат қояды.

Осыдан араға жүз жыл салып, Йасауи жолы Алтын Орда мемлекетінің мемлекеттік идеологиясына айналады. Ол мемлекеттің тек мемлекеттік идеологиялық бағыт-бағдарын ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің бүкіл құрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізеді (З.Жандарбектің «Қожа Ахмет Йасауидің түркі тарихындағы рөлі» атты еңбегінен).

«Тәуке хан, жаһанды дірілдеткен Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы болып табылады. Ал оның ұлы бабасы Шыңғыс қаған әлемнің жартысын жаулап алғанменен, ондағы ел-жұрттардың жан дүниесіне зорлық жасамаған. Ол өзі сыйынатын көк Тәңіріне табынуды ешкімге тықпаламаған. Сондай тәртіпті жиһангер ұлдары мен немерелеріне де өсиет еткен» (Бейбіт Қойшыбаев http://abai.kz/post/view?id=5256).

Қаншама жорықшылар мен жаулап алушыларды Ұлы Жаратушының кешірмегенін, өмірінің соңында қиналып жан тапсырғанын айтып тауысу мүмкін емес. Ескендір Зұлқарнай 33 жасында Вавилионда белгісіз себептің салдарынан қайтыс болған соң қызметшілері оның отбасы мүшелерін қырып, иелігіндегі жерлерін тартып алған. Юли Цезарьды өз серіктері мен бұрынғы жақтастары Рим сенатының сарайында пышақтап өлтірген. Наполеон Бонапарт қыруар қастандық пен зұлымдықты, көтеріліс пен қақтығыстарды жеңсе де өмірінің ақырғы сәтінде дүниенің қайсы бір түкпіріндегі иен аралда жападан жалғыз жіпсіз байланып, ішқұса болып көз жұмған. Ленин мен Сталинде және олардың ең жақын әріптестері де солардың жолын қуды, мына дүниенің қызығын көрмей кетті. Ал, Шыңғыс хан алпыстың асқарын бағындырып жетпіске таяған шағында өзі үшін жан беруге серттескен, батыр текті адал сарбаздары мен сардарларының арасында, ет-жақын туыстары мен қимас дос-жарандарының ортасында, «өз үйі өлең төсегінде» (көшпелі хан ордасында) Тәңірден тікелей келген ажалымен қайтыс болған.

Ол құрған алып қағанат «Әділдік» пен «Адалдықты» ту етіп көтеріп сан ғасырлар бойы бүкіл әлемге билігін жүргізді. Оның әділдігі мен адалдығы соншалық, оның айналасынан бірде-бір адам сатқындық жасамаған, қарамағындағы бірде-бір ел қарсы шықпаған. Ұрпақтары бүкіл әлем елдеріне патша болып таралды. Өсиеттері 800 жыл бойы ел аузынан түспей келеді.

Осы сөзіме Шыңғыс қаған өсиетінен бір-ақ дәлел келтірейін:

«Жасанды гүл жаңбыр суымен жоғалады,
Жағымпаз жандар сын естісе қуарады»

(Шыңғыс қаған).

Ал, қазіргі тарихшылар жазып жүргендей, Шыңғыс ханның төл жұрты делінетін Монголияның тілі де, салт-дәстүрі де, әдет-ғұрыптары да, ділі мен діні де басқа. «Моңғолдардың көпшілігі будда дінінің ламаизм тармағын ұстанады» (Энциклопедиядан алынған мәлімет).

Мұхамбеткәрім ҚОЖЫРБАЙҰЛЫ,
Маңғыстау

ТРАГЕДИЯ, УНЕСШАЯ ПОЛОВИНУ КАЗАХОВ, ДЛЯ «АКИМОВ» – ПРАЗДНИК?

ЗАМЕСТИТЕЛЬ АКИМА ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ АСЕМ НУСУПОВА СВОЙ ДОКЛАД НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ ЗАКОНЧИЛА СЛОВАМИ «С ПРАЗДНИКОМ – 31 МАЯ!»

«Вчера только мы видели в первом ряду «Бессмертного полка» акима Восточно-Казахстанской области Даниала Ахметова – это можно посмотреть на официальном сайте. А о жертвах репрессий на сайте нет ни единого слова... Кстати, пока не забыли, заместитель Ахметова Асем Нусупова после возложения цветов памятнику Алихану Бокейхану в Семее свой доклад по бумажке на русском языке закончила словами «С праздником – 31 мая!» – так было написано в статье на сайте abai.kz, которую перепечатал портал «Қазақ үні».

В свое время Бердыбек Сапарбаев и Ислам Абишев провели по мере возможности казахизацию Восточно-Казахстанской области. А пришедший затем Даниал Ахметов мало того, что устроил «красный» скандал – предложил построить аналог Красной площади в Усть-Каменогорске, так еще в День памяти жертв политических репрессий и голодомора, отмечаемый всей страной, не проронил ни слова.

Неужели на родине великого Абая с полуторамиллионным населением не могли найти специалиста, который грамотно смог бы выступить на казахском языке? Ведь выбранная для этой роли заместитель акима Асем Нусупова, выступая возле памятника вождю «Алаша» Алихану Бокейхану в Семее, свой доклад сделала на языке империи, которая и доконала «Алаш». К тому же в День скорби по погибшим лидерам «Алаша», на родине «Алаша», с праздничным настроем Асем Нусупова закончила свой доклад словами «С праздником – 31 мая!»

Хотя Асем Нусупова – заместитель акима области по социальным вопросам, главная задача любого акимата – продвижение и развитие государственного языка, проведение общественно-политических мероприятий на государственном языке. Вместо этого мероприятие проводят на языке России, нарушая статью Конституции о государственном языке, и объявляют День скорби праздником!

Как тогда заместитель акима ВКО Нусупова Асем Бековна выполняет одну из главных своих обязанностей? Разве она не противодействует своим главным обязанностям? К сожалению, таких чиновников, которые не только не выполняют своих обязанностей, но даже противодействуют им, в акиматах и министерствах немало.

Куда мы движемся с такими «акимами», не способными разделить скорбь с народом, на долю которого выпало так много трагических потерь? Знают ли эти чиновники о программе «Рухани жаңғыру»?

Лидер нации Нурсултан Назарбаев в своем обращении к казахстанцам в День памяти жертв политических репрессий сказал: «Таковы были результаты трагического эксперимента под лозунгом «светлого будущего коммунизма».

